Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 33 (1296)

28.08.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

23 ТАМЫЗДА ӨТКЕН ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУҒА ҚАТЫСҚАН САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ 12 623 289 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ САЙЛАУДЫҢ ТҮПКІЛІКТІ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ЖАРИЯЛАДЫ.



САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, сағат 20:00-дегі жағдай бойынша Қазақстан бойынша 9 352 151 сайлаушы бюллетень алған. Бұл сайлаушылар тізіміне енгізілген азаматтардың 74,19 пайызын құрады.

Өңірлер арасында дауыс беруге қатысу белсенділігі ең жоғары Түркістан облысында тіркелді. Мұнда сайлаушылардың 92,16 пайызы дауыс берді. Жетісу облысында бұл көрсеткіш 91,19 пайызды, Қызылорда облысында 90,75 пайызды құрады.

Ақтөбе облысында сайлаушылардың 88,30 пайызы, Шығыс Қазақстан облысында 87,50 пайызы, Жамбыл облысында 85,18 пайызы дауыс беруге қатысты. Ақмола облысында бұл көрсеткіш 82,69 пайыз болса, Абай облысында 81,41 пайызға жетті.

Солтүстік Қазақстан облысында сайлаушылардың 77,31 пайызы, Қостанай облысында 76,47 пайызы, Қарағанды облысында 76,28 пайызы дауыс берді. Шымкент қаласында дауыс беруге қатысу көрсеткіші 75,42 пайыз болды.

Батыс Қазақстан облысында сайлаушылардың 73,38 пайызы дауыс берсе, Маңғыстау облысында – 71,38 пайыз, Павлодар облысында – 71,20 пайыз, Алматы облысында – 71,17 пайыз дауыс берді. Атырау облысында бұл көрсеткіш 70,74 пайызды, Ұлытау облысында 70,72 пайызды құрады.

Қалалар арасында дауыс беруге қатысу деңгейі Астана мен Алматыда төмен болды. Астана қаласында сайлаушылардың 51,67 пайызы дауыс берсе, Алматы қаласында бұл көрсеткіш 43,23 пайызды құрады.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕСІ

ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, сайлаушылардың нақтыланған тізіміне сәйкес, еліміз бойынша сайлаушылардың жалпы саны 12 623 289 адам болды. Оның ішінде 9 865 азамат цифрлық үкімет порталы, азаматтардың тіркелген жері туралы мәліметтерді тексеру және дауыс беру учаскелерінің мекенжайлары бойынша тіркеуге арналған онлайн сервистер арқылы сайлаушылар тізіміне енгізілген.



Дауыс беру қорытындысы бойынша партиялардың алған дауыстары төмендегідей бөлінді:

«Әділет» партиясы – *6 528 948 дауыс (71,17%);*

Қазақстанның жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – *469 058 дауыс (5,11%);*

«Байтақ» Қазақстанның жасылдар партиясы – *97 751 дауыс (1,07%);*

Қазақстан Халық партиясы – *285 395 дауыс (3,11%);*

«Ауыл» партиясы – *574 621 дауыс (6,26%);*

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – *478 083 дауыс (5,21%);*

Respublica партиясы – *509 631 дауыс (5,56%);*

«Бәріне қарсы» – *2,51%.*

МАНДАТТАР ҚАЛАЙ БӨЛІНДІ?

Сайлау қорытындысына сәйкес, депутаттық мандаттар бес партия арасында бөлінді. 5 пайыздық межеден өткен саяси партиялар Құрылтай құрамына өз өкілдерін өткізді.

Мандаттар төмендегідей бөлінді:

«Әділет» партиясы *– 110 мандат;*

Қазақстанның жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы *– 8 мандат;*

«Ауыл» партиясы *– 10 мандат;*

«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы *– 8 мандат;*

Respublica партиясы *– 9 мандат.*

Осылайша, депутаттық мандаттардың басым бөлігі «Әділет» партиясына тиесілі болды.

ДЕПУТАТТАРҒА КУӘЛІК ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

ОСК хатшысы Шавкат Өтемісовтің айтуынша, жаңадан сайланған депутаттарға мандат куәліктерін табыстау мерзімі партиялардың шешім қабылдау жеделдігіне байланысты.

Сайлау қорытындысы ресми жарияланғаннан кейін 5 пайыздық межеден өткен партиялар өздерінің басқару органдарының отырыстарын өткізіп, тізімге енгізілген кандидаттар арасында мандаттарды бөлу туралы шешім қабылдайды.

«Партиялар мандат берілген адамдар туралы тиісті деректерді Орталық сайлау комиссиясына ұсынғаннан кейін қажетті құжаттарды дайындауға аз уақыт қажет. Содан соң депутаттарға куәліктер табысталады. Яғни, бәрі партиялардың басқару органдарының жеделдігіне байланысты», – деді Шавкат Өтемісов.

Осылайша, партиялар мандаттарды нақты кандидаттар арасында бекітіп, тиісті құжаттарды ОСК-ға ұсынғаннан кейін Құрылтай депутаттарына куәліктер табысталады.

Дереккөз: baq.kz, buginmedia.kz

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.



Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 33 (1296) 28.08.2026 Алатау

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

«ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ»

Жоғары оқу орны мен колледжді енді тәмамдаған жастар үшін еңбек нарығына ену оңай емес. Әсіресе жұмыс тәжірибесінің болмауы тұрақты қызметке орналасуға кедергі келтіріп жатады. Осы мәселені шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бірі – «Жастар практикасы».

«Жастар практикасына» техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын соңғы бес жыл ішінде тәмамдаған, 35 жасқа толмаған жұмыссыз азаматтар қатыса алады.

Жастар практикасы міндетті түрде түлектің алған мамандығына сәйкес ұйымдастырылады. Оның ұзақтығы 12 айдан аспайды. Қатысушы ресми түрде жұмысқа орналасып, еңбекақы алады. 2026 жылы ай сайынғы жалақы мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішке, яғни 129 750 теңгеге тең. Жалақы бюджет қаражаты есебінен төленеді.

Биыл «Жастар практикасы» бағдарламасымен 25 мың қазақстандықты қамту жоспарланған. 1 тамыздағы мәлімет бойынша, олардың шамамен 8,5 мыңы бағдарламаға қатысуға жолданған. Бағдарламаға қатысу үшін алдымен Enbek.kz Электрондық еңбек биржасында жұмыссыз ретінде тіркелу қажет.

«ШАПАҒАТ» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Шәкірттері беделді халықаралық жарыстарда топ жарған ұстаздар мен тәлімгерлер жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында талдықорғандық мұғалім Меруерт Абаева да бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен білім беру саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін Талдықорған қаласындағы №24 лицейдің мұғалімі Меруерт Абаева «Шапағат» медаліне ие болды.

Беделді марапат – ұстаздың кәсіби еңбегіне берілген жоғары баға. Меруерт Абаеваның шәкірттері халықаралық деңгейдегі білім додаларында ел намысын қорғап, жоғары нәтижелер көрсетіп келеді.

БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Талдықорғанда тұрғын үй кезегінде тұрған 51 отбасы жаңа пәтерлердің кілтіне ие болды. Жаңа қоныс иелерін Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады.

Жаңа баспаналар мемлекеттік қолдау шаралары аясында берілді. Пәтерлерге көпбалалы және толық емес отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтар қоныстанды.

Жетісу облысының орталығында тұрғын үй құрылысының көлемі де артып келеді. Жыл басынан бері Талдықорғанда 49 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,4 пайызға жоғары.

Жыл соңына дейін облыс орталығында 1400-ден астам отбасын баспанамен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Сонымен қатар «Бірлік» шағын ауданында 170 пәтерлік екі кредиттік үй, ал «Ынтымақ» тұрғын алабында 200 пәтерлік бес бесқабатты тұрғын үй пайдалануға берілмек.

«ARLAN TDK» ЗАУЫТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл абаттандыру және құрылыс саласына арналған тастан жасалған бұйымдар өндіретін «Arlan TDK» зауытының жұмысымен танысты.

Қала әкімі өндіріс орнын аралап, зауыттың жұмыс барысы мен дайын өнім түрлерін көрді. Ол қаладағы абаттандыру және құрылыс жұмыстарында жергілікті өнімді кеңінен қолдануға жағдай жасау қажеттігін атап өтіп, кәсіпорын ұжымына табыс тіледі.

Зауыт директоры Валерий Панның айтуынша, 2013 жылы негізі қаланған отбасылық кәсіп бүгінде әулеттің үшінші буынына өткен. Қазіргі таңда мұнда 30-ға жуық қала тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпорын айына шамамен 4 мың шаршы метр өнім шығарып, тротуар төсемдері, бордюр, құмблок пен шлакоблокты қоса алғанда 10-нан астам өнім түрін өндіреді.

300-ДЕН АСТАМ ЕСІРТКІ ОРАМЫ ТӘРКІЛЕНДІ

Жетісу облысында полиция қызметкерлері есірткі заттарын заңсыз тасымалдады деген күдікпен 19 жастағы азаматты ұстады. Көлікті тексеру кезінде 300-ден астам орам есірткі тәркіленген.

Оқиға Көксу ауданының Балпық би ауылында болған. Полицейлер жанармай құю станцияларының біріне жақын маңда Daewoo автокөлігін тоқтатқан. Көліктен скотчпен оралған пакет табылған.

Тексеру барысында оның ішінен ұнтақ тәрізді зат салынған 310 орам анықталды. Сараптама нәтижесінде тәркіленген заттардың есірткі және психотроптық заттар екені белгілі болған. Атап айтқанда, 65 грамнан астам мефедрон, 79 грамнан астам α-PVP және шамамен 17 грамм гашиш табылған.

Полицияның мәліметінше, аталған заттар әрі қарай заңсыз таратуға дайындалған болуы мүмкін.

19 жастағы күдікті ұсталып, қамауға алынды. Қазіргі уақытта аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Құқық қорғау органдары есірткінің қайдан алынғанын және заңсыз айналымға қатысы болуы мүмкін өзге де тұлғаларды анықтап жатыр.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ПРЕЗИДЕНТ ҚОЛЫНАН МАРАПАТ АЛДЫ



Астанада өткен республикалық Тамыз конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласының үздік өкілдерін мемлекеттік наградалармен марапаттады. Олардың қатарында, Жетісу облысының ұстазы Айнагүл Уәлибаева да бар.

Мемлекеттік наградаға Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Нұрым мектебінің тарих пәні мұғалімі Уәлибаева Айнагүл Әбішқызы ие болды.

Салтанатты жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұстазға «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Бұл марапат – мұғалімнің білім беру саласындағы кәсіби еңбегіне берілген жоғары баға. Ұстаз еңбегінің осындай деңгейде атап өтілуі Жетісу облысы педагогтерінің білім мен тәрбие саласындағы жетістіктеріне көрсетілген құрметтің бір көрінісі.

Мемлекеттік наградаға ие болған Айнагүл Әбішқызын әріптестері мен шәкірттері құттықтап, ұстаздық жолына толағай табыс тілейді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОСЫ АШЫЛДЫ

Талдықорғанда жаңа №20 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі пайдалануға берілді. Депоға биыл қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан азаматтық қорғау майоры Дамир Тарановтың есімі берілді.



Жаңа нысан қаланың оңтүстік-батыс бөлігіндегі 30 мыңнан астам тұрғынның өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Депоның қызмет көрсету радиусы – 10 шақырым.

Ашылу салтанатына ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, құтқарушылар мен ардагерлер, сондай-ақ Дамир Тарановтың отбасы қатысты.

Заманауи депо қажетті техникамен толық жабдықталған. Бөлімшенің қарамағына жеті негізгі және арнайы техника берілді. Ғимаратта оқу сыныбы, спорт залы, демалыс және қызметкерлердің психологиялық тынығуына арналған бөлмелер қарастырылған.

Бейбіт Исабаев өңірде төтенше жағдайлар саласының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жалғасып жатқанын атап өтті. Бүгінде облыста ТЖ департаментінің техникамен қамтылу деңгейі 84 пайызға жеткен.

Салтанатты шара барысында Дамир Тарановтың отбасына министрдің атынан сый-сияпат табысталып, нысанды салуға үлес қосқан мамандар марапатталды.

Дереккөз: Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фотограф: Дмитрий Ерофеев

ОМАРТАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ



Жетісу облысында заманауи әрі экспортқа бағытталған омарташылық кешенде табиғи өнімнің 21 түрі өндірілуде, оның өндірістік қуаттылығын сағатына 1,5 мың банкаға дейін арттыру мүмкіндігі бар. Алдағы уақытта кәсіпкерлер таулы табиғи ортаның бірегей үйлесімі мен омарташылық кешеннің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, апитерапия мен сауықтыру туризмін дамытуды жоспарлап отыр.

Бүгінде Жетісу облысында 11 мыңнан астам ара ұясы бар. Омарта шаруашылығы, әсіресе табиғи жағдайлары қолайлы Көксу, Панфилов, Алакөл аудандарында қарқынды дамып келеді. Енді бұл бағыт Текелі қаласында да белсенді түрде өркендейтін болады.

«Kausar Shifa kz» компаниясының негізін қалаушылардың бірі Сұңғат Райымбектің айтуынша, Текелінің тау бөктеріндегі омартада 300-ге жуық ара ұясы орналасқан. Омарта жанында бал жиналғаннан кейін оның қасиеттерін зерттейтін жеке зертхана да бар. Одан кейін шикізат компанияның Талдықорғандағы өндірістік цехына жөнелтіледі. Мұнда жиналған бал өңделіп, табиғи өсімдік сығындыларымен араластырылады. Соның нәтижесінде дәмді әрі пайдалы өнім алынады. Осылайша, кәсіпкерлер өндірістің толық циклін іске қосты.

Қазіргі таңда кәсіпорында 25 адам жұмыс істейді. Кәсіпорын Қытай нарығына шығу үшін құжаттарды рәсімдеп жатыр, сондай-ақ Малайзия тарапынан да қызығушылық бар.

Омарташылықты әртүрлі қаржыландыру бойынша өңірде «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында бес жоба мақұлданып, оларды жүзеге асыруға 36,6 млн теңге бөлінді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фотограф: Қанат Өмірәлинов

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУГЕ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Талдықорғанда қоғамдық көлікте жолақы төлеу тәртібін сақтау бойынша бақылау күшейтіледі. Бұл мәселе қала әкімдігінде өткен жиында талқыланды.



Жиынға қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов, полиция және білім бөлімдерінің өкілдері, сондай-ақ тасымалдаушы ұйымдардың басшылары қатысты.

Қалада электрондық билеттеу жүйесі бес жылдан астам уақыттан бері жұмыс істейді. Алайда соңғы жылдары жолақы төлемейтін жолаушылар санының өсуі байқалады. Бұл жолаушылар ағынын есепке алу мен тасымалдаушылардың кірісін бағалауға әсер етуде.

Осыған байланысты 1 қыркүйектен бастап 14 адамнан тұратын бақылау қызметі жұмысын бастайды. 1–14 қыркүйек аралығында жолаушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ескерту жасалады.

15 қыркүйектен бастап жолақы төлемеген азаматтарға 2 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Кәмелетке толмаған оқушылар үшін жауапкершілік ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне жүктеледі. Бақылау жұмыстары полициямен бірлесіп жүргізіледі.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ПРЕЗИДЕНТ БІРҚАТАР МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН БАСШЫЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАДЫ



Мемлекет басшысының Жарлығымен бірқатар маңызды мемлекеттік орган мен институттың басшылығына жаңа тұлғалар тағайындалды. Атап айтқанда, Ұлттық банк пен Ұлттық қауіпсіздік комитетін, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесі мен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын басқаратын жаңа басшылар анықталды, - baq.kz.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Тимур Мұратұлы Сүлейменов - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы болып тағайындалды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының Жарлығымен Ермек Алдабергенұлы Сағымбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы лауазымына тағайындалды.

Ал Дмитрий Михайлович Малахов - Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы болса, Артур Ермекұлы Ластаев - Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындалды.

Тиісті Жарлыққа Мемлекет басшысы қол қойды.

ӨҢІРЛЕРДІҢ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Премьер-министр Олжас Бектенов халықты және коммуналдық-тұрмыстық секторды көмірмен үздіксіз қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті, - ҚР Үкіметінің Баспасөз қызметі.



– Көмірді өндіру мен тасымалдаудан бастап оны халыққа сатуға дейінгі бүкіл жеткізу тізбегіне қатаң бақылау орнату қажет. Өңірлерде көмір тапшылығы мен бағаның негізсіз өсуіне жол берілмесін. Бұл үдеріске қатысушылардың барлығы өз жұмысын көмірмен қамтамасыз етуге арналған қолданыстағы цифрлық платформа аясында ұйымдастыруға тиіс», - деп атап өтті Премьер-министр.

Энергетика министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірлесіп, осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін өңірлерге әлеуметтік мазут жеткізу кестесін бекіту тапсырылды. Қазақстан темір жолы компаниясымен бірге бекітілген кестеге және көлемдерге сәйкес энергия нысандарына көмір мен мазутты уақтылы жеткізу бойынша шаралар қабылдау жүктелді.

ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ ЖАҢА БАҚЫЛАУ ТӘРТІБІ



25 тамыздан бастап Қазақстанда 65 жастан асқан және мүгедектігі бар жүргізушілердің медициналық тексеруден өтуі электронды түрде бақыланады, - деп хабарлайды baq.kz.

Бұл санаттағы жүргізушілер екі жыл сайын медициналық тексеруден өтуі тиіс. Талап 2014 жылдан бері бар. Енді Денсаулық сақтау министрлігі мен Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйелері біріктіріліп, тексеру нәтижесі ІІМ базасында автоматты түрде көрінеді.

Егер жарамды медициналық тексеру туралы мәлімет болмаса, көлік басқару құқығы тоқтатылуы мүмкін.

№073/у анықтамасын алу ақылы, бағасын медициналық ұйым белгілейді. Тексеру кезінде жалпы практика дәрігері, психиатр, офтальмолог және отоларинголог тексереді.

Құқығы тоқтатылғанына қарамастан көлік жүргізгендерге 20 АЕК айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл 30 АЕК-ке дейін өседі, көлік айып тұрағына қойылуы мүмкін. Бұл жүргізуші куәлігінен айыру емес. Медициналық тексеруден өткеннен кейін мәлімет жүйеге енгізіліп, көлік басқару құқығы қалпына келеді.

3 МЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Талдықорған тұрғындарының шағымынан кейін «Мажико» май зауытына жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тұрғындар кәсіпорын маңынан тараған жомның жағымсыз иісіне шағымданған, - деп хабарлайды inform.kz.



Жетісу облысының экология департаменті «АгрокомплексЖетысуМажико» ЖШС-ін 2026 жылғы 3-7 тамыз аралығында тексерді. Нәтижесінде кәсіпорынның II санаттағы нысанды тиісті экологиялық рұқсатсыз пайдаланғаны анықталды.

Кәсіпорында тазарту қондырғысы болғанымен, бұл экологиялық рұқсат алу міндетінен босатпайды.

Осыған байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 328-бабы 4-бөлігі бойынша іс қозғалды. Талдықорған қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кәсіпорынға 700 АЕК, яғни 3 млн теңгеден астам айыппұл салды.

Сонымен қатар, сот кәсіпорын қызметін экологиялық рұқсат алынғанға дейін үш айға тоқтатуға шешім шығарды. Сот қаулысы әзірге заңды күшіне енген жоқ.

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

ТОҚАЕВ ТӨРТ ШЕНЕУНІКТІ ҚЫЗМЕТІНЕН БОСАТТЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірқатар кадрлық шешімімен төрт шенеунік атқарып отырған қызметінен босатылды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қызметінен кеткендер қатарында:

Сатыбалды Бұршақов – Қазақстанның Солтүстік Македониядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі;

Дархан Ахмедиев – Қорғаныс министрінің орынбасары;

Абай Алтай – Президент Іс басқарушысының орынбасары;

Ербол Адаев – Президент Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі.

Тиісті жарлықтар мен өкімдерге Мемлекет басшысы қол қойған.

«БОЛАШАҚ» СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстанда «Болашақ» халықаралық стипендиясының жаңа иегерлері белгілі болды. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек стипендия алған қазақстандықтардың тізімін жариялады.

Жаңа иегерлер қатарында 179 магистрант, 12 докторант және 1 бакалавр бар. Сонымен бірге 40 қазақстандық шетелдік ұйымдарда кәсіби тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды.

Министрдің айтуынша, бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанның технологиялық және экономикалық дамуына үлес қосатын білікті мамандар даярлау.

Саясат Нұрбек стипендия иегерлерін құттықтап, шетелде алған білімдері мен тәжірибесін ел игілігіне пайдалануға шақырды.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СУ ҚОЙМАЛАРЫНДА ШАҒЫН ГЭС САЛЫНАДЫ

Қазақстанда су қоймалары электр энергиясын өндіруге пайдаланылмақ. «Қазсушар» РМК шағын су электр станцияларын салу үшін 32 су шаруашылығы нысанын іріктеді.

Алғашқы кезеңде Қарағанды, Ақтөбе, Абай және Қостанай облыстарындағы бес су қоймасына жалпы қуаты шамамен 9 МВт болатын шағын ГЭС салу жоспарланған.

Екінші кезеңде тағы 18 нысанда жалпы қуаты шамамен 25 МВт станция іске қосылмақ. Осылайша, алғашқы екі кезеңнің жиынтық қуаты 34 МВт-қа жетеді.

Жобалардың нақты іске қосылу мерзімі мен инвестиция көлемі әзірге жарияланған жоқ.

ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

1 қыркүйектен бастап Қазақстанда педагогтерді аттестаттаудың жаңа тәртібі пилоттық режимде енгізіледі. Жоба 2026 жылғы қыркүйек-желтоқсан аралығында сынақтан өтеді.

Жаңа жүйеде мұғалімнің «Ұстаз» ұлттық платформасындағы кәсіби цифрлық бейіні бағаланады. Онда педагогтің білімі, еңбек өтілі, біліктілік санаты, кәсіби жетістіктері, біліктілікті арттыруы және білім алушылардың нәтижелері ескеріледі.

Бұл ретте ПББ нәтижесі негізгі өлшем болмайды. Эссе, авторлық бағдарлама немесе оқу-әдістемелік материалдарды міндетті түрде тапсыру талап етілмейді.

Негізгі назар мұғалімнің күнделікті жұмысының сапасына, сабақ өткізуіне, оқушылардың ілгерілеуіне, кәсіби жетістіктері мен тәжірибесіне аударылады.

Қолданыстағы біліктілік санаттары автоматты түрде жойылмайды және мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Мемлекеттік мектептерде біліктілік санатына қарай қосымша ақы мөлшері: модератор – 30%, сарапшы – 35%, зерттеуші – 40%, шебер – 50%.

ЖҮКТІЛІК ПЕН БОСАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨЛЕМДІ ЕНДІ KASPI.KZ АРҚЫЛЫ РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

Қазақстандық әйелдер жүктілік пен босануға байланысты әлеуметтік төлемді енді үйден шықпай-ақ Kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы рәсімдей алады.

Бұған дейін бұл төлемді алу үшін ХҚКО-ға барып, құжат жинап, өтініш беру қажет болса, қазір қызмет онлайн форматқа көшірілді. Сонымен қатар өтінішті eGov.kz порталы арқылы да беруге болады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Бахтияр Жазықбаевтың айтуынша, жаңа қызметтің мақсаты – қағазбастылықты азайтып, азаматтардың мемлекеттік органдарға бару қажеттілігін қысқарту.

Жаңа қызмет қазірдің өзінде іске қосылған. Жұмыс істейтін және әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысатын әйелдер Kaspi.kz қосымшасындағы «Гид» бөлімі арқылы өтініш беру тәртібімен таныса алады.

Министрлік бұл бастаманы әлеуметтік қызметтерді цифрландыру және мемлекеттік қолдауды азаматтарға жылдам әрі қолжетімді ету бағытындағы маңызды қадам ретінде бағалап отыр.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 33 (1296) 28.08.2026 Алатау

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ҰЯСЫ – КІТАПХАНА

Оқысам кітап қаламын қуаттана,
Ой-санам көкке өрлейді қанаттана...

Кітап – адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған асыл қазынасы, білім мен тәрбиенің қайнар көзі. Кітапхана – сол рухани қазынаны сақтап қана қоймай, оны кейінгі ұрпаққа жеткізетін, адамды ізденуге, ойлануға, білім алуға жетелейтін қасиетті орын. Сондықтан ел ішінде кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып, заманауи кітапханалардың жұмысын жандандырудың маңызы зор.



Кітапхана директоры Өтегенова Гүлмира Аханқызы

Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек кентінде заманауи, жаңа талапқа сай үлгідегі кітапхана ғимараты салынып, қолданысқа берілген екен. Көріп, тамашалап қайттық. Жаңа ғимараттың сыртқы сәулеті де, ішкі жабдықталуы да бүгінгі оқырманның талабына сай ойластырылғаны бірден байқалады. Мұнда кітап оқып, қажетті ақпарат іздеп қана қоймай, білім алуға, компьютерлік технологияларды меңгеруге, түрлі мәдени іс-шараларға қатысуға барлық жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 16 мамырдағы кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру, адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатындағы бастама – жақсы-ақ. Сарыөзек кентіндегі жаңа кітапхана осы бағыттағы жұмыстардың нақты нәтижесінің бірі деуге болады.

Кітапхана ғимараты екі қабаттан тұрады. Бірінші қабатта кіреберіс дәліздің сол жағында киім ілгіш бөлмесі, қызметкерлерге арналған асхана, әдістемелік бөлме, кітапхана директорының орынбасарының кабинеті, кітап қоры, мультимедия залы, өлкетану залы, кітап қорын толықтыру залы, сканерлеу және цифрландыру залы, 56 орынды ересектерге арналған оқу залы орналасқан.

Кітап қоры – 28 300 дана, ал оқырмандар саны 3 200 адамды құрайды. Мультимедия залы 20 компьютермен жабдықталған. Мұнда оқырман заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланып, қажетті мәліметтерді іздеп, білімдерін толықтыра алады.

Өлкетану залында Кербұлақ ауданынан шыққан танымал тұлғалар, өлкенің тарихы мен мәдениеті туралы кең көлемді ақпарат беретін кітап көрмелерінен басқа да материалдар ұсынылған. Залдың сыйымдылығы – 30 адам. Бұл залдың аудан тарихын зерделеп, туған жердің өткенін білуге ерекше мүмкіндік беретіні сөзсіз.

«Сканерлеу және цифрландыру» кабинетінде мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар мен кітаптардың электрондық нұсқалары дайындалып, цифрландыру және өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Аталған бағыт кітапхана қорын заманауи талаптарға сай сақтап, оқырмандарға электрондық форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

Екінші қабатқа көтерілетін баспалдақтан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жеделсаты (лифт) қарастырылған екен.

Екінші қабатта да қызмет көрсетуге қолайлы бөлмелер бар. Мұнда кітапхана директорының кабинеті, 56 орындық жасөспірімдерге арналған оқу залы бар. Залдың кітап қоры – 24 817 дана және мұнда 2 446 оқырман оқушы балаларға қызмет көрсетіледі.

Интернет жүйесіне қосылған 24 орынды IT-сынып та бар. Одан бөлек, жеке бөлмелер қарастырылып, әр орын компьютермен және принтермен толық жабдықталған екен.

Осы жаңа ғимаратты толық аралатып, таныстырған кітапхана директоры Өтегенова Гүлмира Аханқызынан тағы да біраз мәлімет білгіміз келді.







– Гүлмира Аханқызы, Кербұлақ аудандық кітапханасы қай жылдан бері халыққа рухани қызмет көрсетіп келеді? Аудан бойынша қанша кітап қоры бар?

– Кербұлақ аудандық кітапханасының тарихы жарты ғасырды қамтиды. 1973 жылы аудандық кітапхана ретінде құрылған кітапхана бүгінде өңір тұрғындарына ақпараттық, мәдени және рухани азық қоры ретінде оқырмандардың білімге, кітапқа және рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға жүйелі жұмыс атқарып келеді.

Қазіргі таңда кітапхана құрылымында 1 аудандық балалар кітапханасы және 14 ауылдық кітапхана жұмыс істейді. Жалпы кітап қоры – 53 099 дана, ал оқырмандар саны 5 564 адамды құрайды.

– Осы жаңадан ашылып, қолданысқа беріліп тұрған кітапхана ғимаратында қанша қызметкер жұмыс жасайды?

– Жаңа аудандық кітапханада 16 кітапханашы, 1 бухгалтер, 1 бағдарлама қоятын маман, 1 заңгер, 1 автожүргізуші, 1 кіші қызметкер жұмыс атқаруда.

– Ішкі ауданы 1600 шаршы метрден асатын мынау ғимаратты таза ұстау үшін кемінде 4 кіші қызметкер жұмыс жасаса болар еді. Бір адамға үлкен салмақ түсіп тұр ғой.

– Иә, дұрыс айтасыз. Біз қосымша жұмысшы штаттарын сұрап жатырмыз. Бірақ биылғы бюджетте қаралмағандықтан, болмай тұр. Келесі жылғы бюджетке жоспарлануда.

– Гүлмира Аханқызы, осындай заманауи кітапхана ашып, ішін кітапқа толтырып, электрондық қондырғылар қойып, толық жабдықтаудағы негізгі мақсат не?

– Кітапханамыздың басты мақсаты – оқырманға сапалы ақпарат ұсыну, кітап пен білімді насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және өскелең жас ұрпақтың ой-санасы жан-жақты дамыған, салт-дәстүрімізді құрметтейтін, рухани-мәдениетті азамат болып қалыптасуына үлес қосу.

– Гүлмира Аханқызы, жаңа ғимараттарыңыз құтты болсын! Оқырмандарыңыз көбейе берсін. Халыққа қызмет көрсету жолында күш-жігерлеріңіз сарқылмасын. Әңгімеңізге рақмет!

АВТОРДАН:

Жаңа кітапхананың талай оқырманға рухани азық беріп, білім мен ғылымға бастайтын алтын көпірге айналуына тілектеспіз. Кітапхана есігі әрдайым ашық, кітапқа құштар оқырманы көп болғай!

Фототілші: Дмитрий Ерофеев

1000 БАЛАНЫ ҚУАНТҚАН ҚАЙЫРЫМДЫ ІС

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА, СОНДАЙ-АҚ БАРЛЫҚ ТІРШІЛІК ИЕСІНЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН НАҚТЫ ҚОЛДАУДЫҢ КӨРІНІСІ. ОЛ – ІЗГІЛІКТІҢ АЙҚЫН БЕЛГІСІ, АДАМНЫҢ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ БІРІ. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АДАМНЫҢ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ АДАМДАРҒА ДЕГЕН ЫҚЫЛАСЫ МЕН КӨМЕГІНЕН, АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНАН КӨРІНЕДІ.

Қазақстан Республикасының «Қайырымдылық туралы» заңнамасына сәйкес қайырымдылықтың бірнеше түрі бар. Олардың қатарында филантропия – мұқтаж адамдарға материалдық, қаржылық және әлеуметтік көмек көрсету; демеушілік – белгілі бір іс-шараларды, ұйымдарды немесе азаматтарды қаржылай қолдау; меценаттық – мәдениет, ғылым, білім және өнер салаларына өтеусіз көмек көрсету; сондай-ақ туған жерді, ауылды немесе қаланы абаттандыруға, инфрақұрылымын дамытуға үлес қосуды көздейтін «Кіші отанды қолдау» бағыты бар.

Қайырымдылық жасау – ислам дінінің негізгі қағидаттарының бірі. Ислам өзгеге жәрдемдесуді, мұқтажға қарайласуды бұйырады. Адамзат тарихына көз жүгіртсек, ислам діні адамдар арасындағы теңдікті нығайтып, бай мен кедейді жақындастыруға, бір-біріне көмек қолын созуға үндеді. Мұсылман үшін мұқтаж жанға жәрдем беру – әрі міндет, әрі сауапты амал.

Жасалған жақсылықтың діни тұрғыдан садақа болуы үшін оның бірнеше ерекшелігі бар. Атап айтқанда, ол мұқтаж жанға берілуі, Алла разылығы үшін жасалуы және өз мүлкінен, адал табыстан берілуі тиіс. Яғни бұл қайырымдылықтың филантропия түріне жатады. «Оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» деген хадисте садақа мен жақсылықты жасырын жасаудың абзалдығы айтылған.



ИГІ ІС

Осы тұрғыдан қарағанда, Жетісу облысындағы «Иман» мешітінің қайырымдылық бағытындағы жұмыстары көңіл қуантады. Әсіресе жаңа оқу жылы қарсаңында балаларға қолдау көрсету – үлкен жүректің ісі. Өйткені мектепке баратын баланың жаңа сөмкесін асынып, жаңа киімін киіп, оқу құралдарын түгендеп алғандағы қуанышын сөзбен айтып жеткізу қиын.

Жетісу облыстық «Иман» мешітінде және өңірге қарасты аудан-қала мешіттерінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Жетісу облысы бойынша бас имамы Керімбек Сәрсембайұлының ұйытқы болуымен «Мектепке жол – 2026» қайырымдылық шарасы өтті.

Шараны өңірдегі «Зекет және қайырымдылық» қоры ұйымдастырды. Жиын барысында бас имам балаларды жаңа оқу жылымен құттықтап, білімнің адам өміріндегі маңызына тоқталды. Балаларды жақсы оқып, ізденіп, білімге құштар болуға шақырды.

Балалар үшін шараның қызықты сәттері де аз болмады. Бас имам бүлдіршіндерге түрлі сұрақтар қойып, олардың білімін байқап көрді. Сұрақтарға жақсы жауап берген оқушыларға ақшалай сыйлықтар табысталды.



Биылғы игі істің ауқымы да көңілге қуаныш ұялатады. Бас мүфтидің тапсырмасына сәйкес, өңірдегі имамдардың ұйытқы болуымен 1000-нан астам бала мектеп сөмкесі және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Бұдан бөлек, 100-ден астам балаға спорттық және мектеп формасы, 100 балаға аяқ киім берілді. Ал 50 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді.




«Қуанса, бала қуансын! Игі іске арқау болған барша мейірімді жанға Алла жар болсын», – деді сөз соңында Жетісу облысының бас имамы Керімбек Сәрсембайұлы.

Бұл шара қайырымдылық пен мейірімділіктің жарқын көрінісі болды. Сондықтан осындай игі істердің көбейіп, қайырымдылықтың күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналғаны қандай жақсы. Өйткені мейірім бар жерде – береке, жанашырлық бар жерде – жылу бар.

Бетті дайындаған: Сембек АБДРАХМАНОВ

«СУ - ТІРШІЛІК КӨЗІ» ДЕСЕК ТЕ...

САРЫӨЗЕКАУЫЛЫНЫҢТҰРҒЫНДАРЫНАНРЕДАКЦИЯМЫЗҒААУЫЗСУҒА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ БІРНЕШЕ ШАҒЫМ ТҮСТІ. ОЛАРДЫҢ ЖІБЕРГЕН «КҮРЕҢБЕЛ СУ» ЧАТЫНДАҒЫ КҮНДЕЛІКТІ ӘҢГІМЕЛЕРІНЕН АУЫЛДАҒЫЖАҒДАЙДЫҢОҢАЙЕМЕСТІГІБАЙҚАЛДЫ.БІРІСУДЫҢЛАЙЕКЕНІН АЙТСА, ЕНДІ БІРІ ЖАҒЫМСЫЗ ИІСКЕ ШАҒЫМДАНАДЫ. ОҒАН ҚОСА ЖАРЫҚ ПЕН ЖОЛ ДА ӘҢГІМЕ БОЛДЫ.





Мәселенің аныққанығына көз жеткізу үшін біз Сарыөзекке барып, тұрғындардың өздерімен сөйлесіп, жағдайды көзбен көріп қайттық. Осы мәселені анықтау үшін аудан әкімінің қабылдауына да жазылдық.

Сонымен қатар, Кербұлақ ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Қасенов Ермек Серікұлына, «Күреңбел су» кәсіпорнының директоры Рамазанов Саят Тәңірбергенұлы мен аудандық СЭС орталығына арнайы қызметтік сұрау хат жолдадық.

Ауылға барған күні орталық ауруханада да, «Күреңбел су» кәсіпорнында да жарық жоқ екен. Ал ауызсудың жайы тіпті алаңдатарлық. Краннан аққан су лай, жағымсыз иісі де бар. Ішуге жарамдылығына күмән келтіресің, тіпті ауыз шаюдың өзіне көңілім бармады.



Таза су – адамға күн сайын керек ең қарапайым нәрсе. Сондықтан бұл мәселені кейінге ысыра беруге болмайды.

Сарыөзек тұрғындары айтып отырған мәселе неден шықты? Судың сапасы тексеріле ме? Лай су мен жағымсыз иістің себебі қандай? Ол қашан жойылады? Бұған жауапты мекемелер не дейді?


Аталған сан сауалдың жауабын тиісті орындардан күтіп отырмыз. Ал мәселенің толық жайын, тұрғындардың пікірін және жауапты мекемелердің жауабын газетіміздің келесі санында тарқатып жазамыз.


ЕЛ ҮШІН ӘДІЛЕТ ІЗДЕГЕН АНА

БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН САРЫӨЗЕК ТҰРҒЫНДАРЫ АЙТҚАН ӘҢГІМЕНІҢ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША, ВОЕНКОМАТ ЖАҚТАҒЫ КӨШЕ ТҰРҒЫНДАРЫ ҰЙЫМДАСЫП, ЖЕТІСУ ТЕЛЕАРНАСЫНАНЖУРНАЛИСТЕРДІШАҚЫРЫП,ӘКІМШІЛІККЕБАРҒАНДАРДЫҢБІР-ЕКЕУІНЕН МӘН-ЖАЙДЫ СҰРАҒАН ЕДІК. ОНЫҢ БІРІ: «БІЗДІҢ КӨШЕДЕ СУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ, КҮНДІЗ-ТҮНІ АҒЫП ТҰР», - ДЕСЕ, БАЙҒАБАТОВА БАҚТЫГҰЛ АНА МАҒАН ЖОЛЫҒЫП, ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ПІКІРІМЕН БӨЛІСТІ:



«Бізге, Сарыөзекке, Кербұлақ ауданына жол жыры болды ғой. Енді су жүргізу кезеңдерінен өтіп жатырмыз. Миллиардтап ақша бөлінді, үкіметтен бөлінбей қалған жоқ. Бірақ сол қаражат құмға сіңгендей, мәселеміз шешілмей келеді. Әкімдер ауысқан сайын ақша бөлінеді, подрядчиктер келеді, олар суды жүргізе алмайды, кетеді. Жерге көмілген құбырлар төрт-бесеу, ал енді соның бәрінде судың аққаны да, ақпағаны да белгісіз болып қалды. Судың қай трассамен кетіп жатқанын ешкім біліп жатқан жоқ. Бізге осының бәрін дәлелдеп айтатын су шаруашылығы бойынша арнайы оқу орнын бітірген, көзі ашық мамандар керек. Бұрын әке-шешелері істеп кеткен балаларды әкеп тықпалайды, ол балалар не бітіреді? Арнайы білімі жоқ, ештеңе бітірмейді. Бұрын әке-шешелерінен көргенін ғана жасайды. Олар Су жүйесін тонап болды. Бізге су жүйесіне аудит керек, тексеріс керек, менің қақсап айтып жүргенім сол. Біз халық соны талап етеміз.





Біздің «Әділетіміз» әділетті болып, халыққа қызмет етсе екен дейміз. Ол әкімге жұмыс жасамасын. Халық үшін іс істесін, халыққа керегін айтсын. Мен соны талап етемін, менің қасымдағылар да соны талап етеді. Біздің бұзық ойымыз, жаман пікіріміз жоқ. Әкім болып келдің бе, елдің жағдайын ойла! Халыққа көмектес! Журналистер немесе жоғарыдан «келеді» дегенде ғана жүгірмей, халықтың жағдайына қарай жүгірсе, онда ол нағыз әкім болады, арада сыйластық болады. Ал қазір халық пен әкім арасында алтын көпір жоқ.

Біз Жетісу телеарнасына 18 адам бардық, бәрімізді кіргізбеді. Біреумізді ғана кіргізіп, мән-жайды білген соң: «Сіздер ертең әкімдікте күтіңіздер, біз журналистер жібереміз» - деп шығарып салды. Біз әкімдікке барғанымызда, әкім полиция шақыртты. Ал, келген журналиске бір қарияның үйіндегі ағып тұрған суды көрсетіп, қайтарған. Кешке Жетісу телеарнасынан «бәрі жақсы» деген хабар берілді. Судың мәселесі шешілмеді, халық зардабын тартып жатыр. Біз әділет іздеп отырмыз. Әділет бола ма, халыққа жағдай жасала ма? Халықтың аманаты болған судың түрі мынау, халық аманатсыз қалды. Судың зардабын тартып отырмыз. Халықтың бәрі бірдей су тасып немесе сатып іше алмайды».

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Кербұлақ ауданы орталығы Сарыөзек ауылына қызмет жағдайымен ат басын бұрған едік. Ақтоғай ЖШС - Ресайклинг басқармасына да бас сұғып, жұмысымен таныстық. Солтанбай Мұратбек басқарып отырған бұл шаруашылыққа Сарыөзек қоқыс полигоны және орындаушы директоры Солтанбай Марат «Сарыөзек – Ресайклинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қарайды екен.



Қоқыс полигонына бара алмадық, бірақ офис менеджері Сахариева Әсем Ерікқызымен сұхбаттасу мүмкіндігі болды. Ол «Күреңбел су» кәсіпорны мен «Ақтоғай – ресайклинг» серіктестігі бір ғимаратта екендігін айтты. «Күреңбел су» кәсіпорны кешкі беске дейін ғана жұмыс істейді екен, ал бұлар алтыға дейін отыратын көрінеді. Басшылары басқа қалада іссапарда болғандықтан, оның рұқсатынсыз артық ақпарат бере алмайтындығын айтса да, қойған сұрақтарымызға жауап бермей тұра алмады.

- Біз тазалыққа қараймыз, - деп әңгімені бастады ол, бірден менің ойымды оқығандай.

Ресайклинг – бұл қалдықтарды қайта өңдеп, олардан жаңа шикізат немесе өнім алу процесі.

Негізгі бағыттары:

****қалдықты қайта өңдеу – сұрыптау, келесі өндіріске пайдалану;***

****қоршаған ортаны қорғау – табиғат ресурстарын үнемдеу және полиондардың санын азайту;***

****құрылыс пен жол саласы – ескі асфальт жабындысын қайта өңдеу (суық ресайклинг).***

- Көшеге жәшіктер сіздердің тараптан қойыла ма?

- Тұрғындар қоқыс жинайтын жәшікті үй маңына өздері қояды, біз сол жиналған қалдықтарды аламыз. Қоқыс полигоны бізге қатысты емес, біздің жұмыс осы ауыл ішінде жүргізіледі. Көше-көшені әр күнге бөліп, апта сайын жинап-реттеп аламыз. Мысалы, поликлиника жақта 26 көше бар болса, соны дүйсенбіде тазалап шығамыз, ал сейсенбі 23 көшеден, кейін 24 көшеден қоқыс жинастырамыз. Сөйтіп күнде-күнде жинап тұрамыз.

- Жалпы ауылда неше көше бар?

- Бүгінде сексеннен асады, тағы жаңа көшелер де шетінен қосылып жатыр.

- Құрылыс қалдықтарын, жөндеу жұмыстарының қалдықтарын тұрғындар өздері шығаратын шығар?

- Иә, ондай қалдықтарды тұрғындар өздері шығарады. Біз топырақ, ағаш, құм сияқты заттарды қабылдамаймыз, тек бөтелке, қағаз, киім деген сияқты қайта өңдеуге келетін заттарды қабылдаймыз.

- Ондай қоқысты үйден сорттап шығара ма, пластик бөтелкелерді қағаздардан бөлек дегендей?

- Жоқ, ешкім сорттамайды, полигонда бірақ сортталады.

Әсем Ерікқызы әңгімесін жалғастырып:

- Біздің, «Сарыөзек – ресайклинг» ЖШС-гі «Ақтоғай – ресайклинг» ЖШС құзырына кіреді. Сондықтан, ол жақта жалпы қандай іс атқаратынын нақты айта алмаймын. Осы ауыл іші жұмыстары туралы ғана жауап берудемін. Бізбен келісім-шартқа отыратын үйлер де, отырмайтын үйлер бар. Бұрын қоқысты жинаған үшін бізде баға мың теңге болатын, қазір екі мыңға көтерілді.

- Бір контейнердегі қоқысты алып кеткен үшін бе?

- Жоқ, бір айда бір рет. Бұрынғыша, мың теңге төлейтіндер де бар, олар – жалғызбасты аналар және мүгедектігі бар жандар. Жалғызбасты қарттар да осы санатқа кіреді. Кейбір үйлерден қоқысты тегін шығарамыз, олардың қатарына мүгедектер, жағдайы өте төмен отбасылар және жұмысқа жаңа тұрғандар кіреді.

- Мекемеде қанша еңбеккер, техника бар?

- Сарыөзек бойынша контролердан бесеу, менімен алтымыз. Ал техникадан екі қоқыс жинайтын машина, олардың жүргізушісі және ауысыммен істейтін тиеушілер бар.

- Әңгіменізге рахмет! «Таза Қазақстан» жобасына үлес қоса беріңіздер!



Бетті дайындаған: Құралай МУСАНОВА

Дүйсенбі - Понедельник, 31 тамыз

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Өлшеулі өмір» Сейт Әбенов
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Сырласстар»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.20 Телехикая «Биік сезім»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «День святого Валентина»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.05,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»
02.40 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Тартылыс күш»Қайрат Нұртастың концерті
08.15 «Закира», отандық телехикаясы
09.30 Сериал «Марашанец»
14.00 Худ. фильм «Воришки»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Сиделка»
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Марашанец»
05.25 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.05 «Ұлт ұяты»
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 «Угөгәй melody»
10.45 Халықтық конституция
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Бір шәугім шай»
11.30 «Күлкі қоржын»
11.50 «Жаңа конституция»
11.55 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Әсем әуен»
12.55 «Конституция әліппесі»
13.00 «Единый народ»
13.25 «Жаңа конституция»
13.30 «Әсем әуен»
14.25 Халықтық конституция
14.30 «Арнайы репортаж»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 «ДАRA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Жетісу әуендері»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «IT және Кәсіп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің кумирім»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
07.00 «Шымкент шоу»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.00 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
12.00 худ. фильм «Дьявол носит прада»
14.40 худ. фильм «Риддик»
17.30 худ. фильм «Томб Райдер:Лара Кофт»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Викинги»
23.00 худ. фильм «Люди в черном-3»
01.00 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток»
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

05.20, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
06.25,23.10 «Иффет»
08.10,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,13.00 Новости
11.10, 00.20 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.00 «Цифровая гигиена»
13.30 «Көршілер»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.10 сериал «Далекий город»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.55 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.10 Жарқыраған жұлдыз

Сейсенбі - Вторник, 1 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Ертеңіме сенемін» Роза Рымбаева
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Детектив әже»
12.30 «Ұлы дала педагогикасы»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.20 Телехикая «НВП ағай»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «День святого Валентина»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»
02.40 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»(қайталау)
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
08.50 Вечерние новости
09.30 Сериал «Марашанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 «Сиделка»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Сиделка»
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Марашанец»
05.25 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
05.25 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
12.55 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 аймақ»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 Халықтық конституция
14.30 «Ғибрат»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.25 К/ф «Менің кумирім»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.05 Д/ф «Паутина»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Жолбарыс»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Аналар күні»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00,01.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.40 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
12.20 худ. фильм «Хотя бы кинода»
14.40 худ. фильм «Бенгур»
17.20 худ. фильм «Жизнь пи»
21.00 худ. фильм «Профессионал»
23.30 худ. фильм «Копы в законе»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток»
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.20, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
06.25,23.10 «Иффет»
08.10,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,13.00 Новости
11.10, 00.20 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 «Тақиясыз періште»
14.30 «Бастық боламын»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.10 сериал «Далекий город»
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Сәрсенбі - Среда, 2 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Перзент тілегі» Серікзат Дүйсенғазы
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Детектив әже»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.20 Телехикая «Байдың баласы»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «День святого Валентина»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»
02.40 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»(қайталау)
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
08.50 Вечерние новости
09.30 Сериал «Марашанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 «Сиделка»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Кладовая жизни »
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Марашанец»
04.40 «Закира»
05.25 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 регион»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Әсем әуен»
14.20 Халықтық конституция
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Аналар күні»
17.00 «Угөгәй melody»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Несібе»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «После огня»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Мектеп президенті»
22.25 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00 МЭКСономика
08.10,01.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.00 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.40 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.30 худ. фильм «Губка Боб 3 Д»
13.30 худ. фильм «Лара Крофтр»
16.10 худ. фильм «Викинги»
18.20 «Широко шагая»
21.00 худ. фильм «Два ствола»
23.10 худ. фильм «Оленьи рога»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток»
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.20, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
06.25,23.10 «Иффет»
08.10,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,13.00 Новости
11.10, 00.20 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 «Тақиясыз періште»
14.30 «Бастық боламын»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.10 сериал «Далекий город»
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Россия № 0294588, 2026 году, выданный ТОО «Жибек жолы» БИН 230540011634.

Сембек Солтанұлы
«Алатау»

МӘНДІ КЕЗДЕСУ

2026 ЖЫЛҒЫ 26 ТАМЫЗДА «АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ӘБІЛҒАЗЫ ҚАЛИАСҚАРҰЛЫ ҚҰСАЙЫНОВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

Әбілғазы Қалиасқарұлы Құсайынов 1952 жылы 6 ақпанда Қарағанды облысының Тельман ауданындағы Майөзек кентінде дүниеге келген.

Қарағанды тау-кен техникумының тау-кен факультетін (1971) «техник-шахта салушы» мамандығы бойынша, Қарағанды политехникалық институтының автожол факультетін (1981) «инженер-механик» мамандығы бойынша, Ресей басқару академиясының саясаттану факультетін (1992) «саясаткер (әлеуметтік-саяси мәселелер және байланыс бойынша кеңесші)» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1971 жылы РКФСР-дің Кемеров облысындағы Шерегеш кенішінде 5-разрядты үңгілеуші болып бастаған. 1972 жылы Кеңес Әскерінің қатарында әскери борышын өтеген.

1974 жылдан бастап «Қарағандыкөмір» бірлестігінің «Долинская» шахтасында тау-кен шебері болып еңбек етті. 1975 жылдан Қарағанды қаласындағы №2 тау-кен кәсіби-техникалық училищесінде шебер, кейін аға шебер қызметін атқарды.

1980 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы Киров аудандық комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. Кейін Қарағанды облыстық комитетінің екінші және бірінші хатшысы болды.


1991 жылдан Қарағанды облысы Мемлекеттік баға және монополияға қарсы саясат комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

1996 жылдан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі болды. 1999 жылдың наурызынан ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары, сол жылдың желтоқсанынан ҚР Көлік және коммуникациялар вице-министрі қызметтерін атқарды.

2001 жылдан ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің төрағасы, 2002 жылдың наурызынан ҚР Экономика және сауда вице-министрі, сол жылдың қыркүйегінен ҚР Индустрия және сауда вице-министрі болды.

2003 жылдан ҚР Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің төрағасы, 2005 жылдан ҚР Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі қызметтерін атқарды. 2007 жылдың қазанынан ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің жауапты хатшысы болды. 2009 жылдың наурызынан ҚР Көлік және коммуникациялар министрі қызметін атқарды.

ҚР Парламенті Сенатының I шақырылымының депутаты (өзін-өзі ұсынушы, 1995–1999) болды. Сонымен қатар «Қазтеңізтасымалфлот» ЖАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2000–2001), «Қазақстан темір жолы» ҰК» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2002–2003), «Қазмырыш» ЛҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2003–2004) қызметтерін атқарды.





Кездесуді Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Келемсейіт Ермек Әбілмәжінұлы ашып, жиынға қатысушыларға қонақты таныстырып, сапардың мән-маңызына тоқталды. Кейін кездесу қонағы Әбілғазы Құсайынов та сөз алып, аталған жиынның маңызымен бөлісті.

Әбілғазы Қалиасқарұлының Жетісу жеріне арнайы іссапармен келудегі басты мақсаты – «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің XI съезінде айқындалған, сондай-ақ Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» бастамаларын іске асыруға бағытталған «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» жобасының жеті басым бағыты аясында өңірде атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу.

Сапар барысында ол алдымен қаладағы Ардагерлер үйіне барып, ұйымның тыныс-тіршілігімен, ардагерлерге көрсетіліп отырған қолдау шараларымен және қызмет түрлерімен танысты. Сондай-ақ, облыстағы ардагерлер ұйымының жұмысын саралап, жүзеге асырылып жатқан жобалар мен бастамалардың нәтижесіне назар аударды. Алдағы кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарын айқындап, нақты ұсыныстар мен бағыт-бағдар берді.

Сапардың келесі маңызды шарасы – Ілияс Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында өткен өңір ардагерлерімен арнайы кездесу болды.

Басқосу барысында ардагерлер ұйымдарының алдында тұрған міндеттер, сондай-ақ «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» жобасының жеті басым бағытын өңірде тиімді іске асыру мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, «Үлкенді құрметтеу – ұлттық дәстүр», «Кітаппен келешекке», «Алтын Орда – тарихи сана мен бабалар аманаты», «Отбасы құндылықтарын дәріптеу және ажырасу мәселесі», «Дәстүрлі дін және ұлттық бірегейлік (жат ағымдарға жол жоқ)», «Жастар тәрбиесі: адал адам, табиғатты сүю және жасампаз патриотизм», «Зиянды әрекеттермен күрес (құмар ойындар)» тақырыптарында ойын баяндап, дәріптеу жолдарымен бөлісті.

Сонымен қатар, ардагерлердің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, талқылау да жүргізілді. Қоғамдық бірлестіктің алдағы кезеңдегі жұмысының негізгі бағыттары да айқындалды. Шараның соңы облыстық және қалалық өнерпаз ардагерлердің концерттік бағдарламасымен ұласты.

АҚСУ АУДАНЫ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІРЛІК ҚАЛАЙ?

Жаздың үш айы да өте шығып, күздің алғашқы күндері жақындады. Тамыз аяқталар тұста ата-ананың да әдеттегі қарбаласы басталған. Бірі баласына мектеп формасын іздеп, енді бірі аяқ киім, сөмке, дәптер-қаламын түгендеп жүр. Әсіресе, бірнеше баласы мектепке баратын немесе әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылар үшін бұл кезеңнің шығыны аз емес. Осындай отбасыларға қолдау көрсету мақсатында жыл сайын өтетін «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы да жүріп жатыр.

Бұл ретте жаңа оқу жылына баланың ғана емес, мектептің де дайындығы маңызды. Қыркүйек жақындаған сайын жаз бойы жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижесі де көріне бастайды. Осы орайда, Ақсу ауданында «Мектепке жол» акциясының қалай өтіп жатқанын, қанша балаға көмек көрсетілгенін, бірінші сыныпқа қабылдау мен мектептердегі жөндеу жұмыстарының жайын аудандық білім бөлімі маманынан сұрап білдік.

– Асель Көшербайқызы, Ақсу ауданында биылғы «Мектепке жол» акциясы қалай өтіп жатыр? Қазіргі таңда қанша бала акция аясында көмекке мұқтаж деп анықталды және қанша оқушыға көмек көрсетілді?

– Ақсу ауданы бойынша «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясына дайындық шілде айының соңында басталды. 2026 жылдың 30 шілдесінде аудан мектептеріне акцияны ұйымдастыру туралы ресми хат жолданды. Сонымен бірге 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылатын іс-шаралар жоспары мен акцияның тұжырымдамасы таныстырылды.



Соның негізінде аудан мектептерінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалардың тізімі жасақталды. Биыл акция аясында барлығы 1218 оқушыны қамту жоспарланып отыр. Оның 1217-сі әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балалары болса, бір оқушы қамқоршылық және қорғаншылықта тәрбиеленіп отыр.

1–24 тамыз аралығында 609 балаға түрлі бағытта көмек көрсетілді. Балалардың қажеттілігіне қарай мектеп формасы, аяқ киім және кеңсе тауарлары беріліп жатыр.

Атап айтқанда, 98 бала мектеп формасымен қамтылды. Бұл мақсатқа 1 миллион 695 мың 500 теңге жұмсалды. 74 балаға 793 мың 700 теңге көлемінде аяқ киім алынды.

Кеңсе тауарларымен қамтылған балалар саны көбірек. 398 оқушыға дәптер, қалам және сабаққа қажетті басқа да оқу құралдары берілді. Оған 3 миллион 42 мың 660 теңге жұмсалды.

– Акцияға демеушілер де қатысып жатыр ма?

– Әрине. «Балаларды мектепке дайындауға демеушілер де қолдау көрсетіп отыр. Бүгінге дейін олардың көмегімен 39 бала қамтылды. Демеушілер тарапынан көрсетілген көмектің жалпы көлемі 990 мың теңгені құрады.

Осылайша, мектеп формасы, аяқ киім, кеңсе тауарлары және демеушілік көмек бағыттары бойынша 1–24 тамыз аралығында барлығы 6 миллион 521 мың 860 теңгенің көмегі көрсетілді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларды қажетті заттармен қамту жұмысы әлі де жүргізіледі.

–- 2026-2027 оқу жылында Ақсу ауданындағы мектептерде барлығы қанша оқушы білім алады? Биыл бірінші сыныпқа қанша бала қабылданды? Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда қалай өзгерді?

– Ақсу аудан бойынша білім бөліміне қарасты 32 білім беру ұйымы қызмет атқарады. Оның 26 орта, 7 негізгі орта мектеп. 2025–2026 оқу жылын аудан бойынша 7187 оқушы аяқтады.

2026–2027 оқу жылына бірінші сыныпқа бүгінгі таңда 619 бала қабылданып отыр. Құжат қабылдау 30 тамызға дейін жалғасады. Сондықтан қабылдау аяқталғаннан кейін бала саны нақтыланады.



– Жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп ғимараттарын жаңарту мәселесі де маңызды. Биыл ауданда жөндеу жүргізілген білім ошақтары бар ма?

– Биыл Ақсу ауданындағы екі білім беру ұйымының ғимаратында ағымдағы жөндеу жұмыстары қарастырылған. Оған жалпы 176 миллион 60 мың 920 теңге бөлінді.

Жөндеу жүргізілген нысандардың бірі – Суықсай ауылында орналасқан мектепке дейінгі шағын орталығы бар Юрий Гагарин атындағы орта мектеп.

Мұндағы жұмыс биылғы 25 маусымда басталды. Жөндеуді «Жақсымбет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді. Мердігермен жасалған келісімшарттың сомасы – 120 миллион теңге. Жоспар бойынша жөндеу жұмыстары 25 тамызда аяқталуы тиіс болатын. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары 100 пайыз орындалып, толық аяқталды.

Екіншісі, Матай ауылындағы Матай орта мектебінде ағымдағы жөндеу жұмыстары маусым айында басталды. Мердігер – «Jussan Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Келісімшарт сомасы 56 миллион 60 мың 919 теңге 87 тиынды құрайды.


Жоспар бойынша жөндеу жұмыстары 26 шілдеде аяқталуы керек еді. Бүгінгі күнге жалпы жұмыстың 85 пайызы орындалды. Қалған жұмыстарды аяқтау жалғасып жатыр.

– Жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы айтып, нақты мәліметтермен бөліскеніңіз үшін рақмет. Балаларға көрсетіліп жатқан қолдау мен мектептердегі жұмыстардың сәтті аяқталуына тілектеспіз.

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 33 (1296) 28.08.2026
Алатау

«ЖЫЛАНБҰЗҒАН» ХИКАЯСЫ



Қазығұрттың солтүстік бетін ала батысқа қарай созылған жотаның табанын бойлап ағатын Бадам өзенінің Тоғыспен қосылатын тұсынан біршама жоғарырақ жатқан боздалаға алғаш қоныс тепкен сайрамдық Сұлтан қожа еді. Бұл тұс – ел орныуға ыңғайлы, тептегіс жазық әрі арнасы мол Бадам өзенінен су тартып, алма, өрік, жүзім, тары, қауын-қарбыз сияқты жеміс-жидектер мен көкөніс өсіруге аса қолайлы алқап-ты. Сондықтан болар, әлгі қожадан соң ағылып келіп, осында ірге көтерген кірмелердің басым көпшілігі – диқаншылықты кәсіп еткен, отыз жылдай бұрын Қоқан ханы сонау Парғана, Әндіжан өңірінен Сайрамға көшіріп, қазақтар арасына орнықтырған өзбектер-тін. Содан Қоқан ханы датқа деген атақ берген Шойбек байдың малынан басқа тірі жан табаны тимеген бұл тың далада айналасы аз уақыт¬тың ішінде бір-біріне жапсарласа салынған тамдардың саны көбейді, бес-алты жыл өтпей-ақ елге толды. Аракідік білезік, сақина жасайтын зергерлер, көрік басып, қанжар-қылыш, қазан-көсеу құятын теміршілер, ағаштан ер шауып, жас талдан зембіл, себет тоқитын ұсталар да қоныстанып, таудағы қазақ руларының Шымқала шаһарына баратын жолы үстінен үлкен қышлақ пайда болды. Шойбек датқа мен Сұлтан қожа ақылдаса отырып, қышлақ ортасына көк мұнаралы зәулім мешіт, бірнеше шайхана және керуен сарай салдырды. Негізінде, осы қышлақ орналасқан бұл тұс ілкіден-ақ сонау Қытай елімен қатар Қашқар, Алмалы, Әулиеата жақтан Тәшкен, Самарқан шаһарларына кіре тартқан керуеншілердің жолы-тын. Ілгеріде алыстан тау жағалап мал айдайтын, қиырдан керуен тартатын саудагерлер бұл тұста қоналқы орын таппай, далада-далада түнесе, осы қышлақ пайда болғалы бері ат шалдырып, көсіле жатып демалатын жай тапты. Шайханаларда керуенбасы саудагерлер мен іргелес ауылдардан келген қазақ қарттары, Сайрамдағы туыстарынан бөлініп, осы жерге қоныстанған өзбек шалдары жамбастай жатып, неше түрлі әңгіме-дүкен құрысарды. Болмаса домбырасын арқалаған әлдебір жыршының жырына ұйып, одан қалса, ел кезген дәуіштің сәуегей әңгімелерін, дағарадай сәлделі ғұламаның ғақлиясын үнсіз тыңдарды.

Сөйтіп көлденең көк атты, алысқа тартқан көп атты бір қонбай кетпейтін бұл қышлақтың жыл өткен сайын ауқымы үлкейіп, кент деп атауға боларлықтай үлкен қонысқа айналды. Бірақ оны жергілікті халық та, осы өңірді билеп тұрған қоқандықтар да кент деп атамады. Өйткені іргеде хандықтың қазақ жеріндегі шеткі хәкімдіктері боп есептелетін, бірде – шаһар, бірде – кент делінетін Шымқала мен Сайрам бар-ды. Олар тұрғанда аумағы қанша үлкен болса да, жаңадан бой көтерген мұндай мекен кент аталмас-ты. Ол кезде үлкен керуен сарайлары бар, тұрғыны көп мекенді қоқандықтар рабат дейтін. Осыған орай бұл қоныс – бұл жерге алғаш көшіп келген Сұлтан қожаның атына байланысты Сұлтанрабат деп аталыпты.

Ол кезде Сұлтанрабат сықылды үлкен қышлақ базарсыз болмас-ты. Мешіттің қарсысында ашылған айналасы ат шаптырым базарда түймеден түйеге дейін сатылыпты. Бұл базарда төрт түліктің барлық түрімен қатар, Бұхар шәйісі мен кенебі, қытай жібегі мен бөзі, тәжік анары мен араб құрмасы, парсы тәттісі мен Наманған көкнәрі де саудаға түсіпті. Шымқаланың шаңды, Сайрамның сансыз базары мұның жанында жолда қалып, сатушы түйеге жүк артып, алушы арбаға өгіз жегіп, осы жаққа қарай асығыпты. «Сұлтанрабатта бір кезде абат бақша, үлкен базар болған» деген сөз сол кезден қалыпты.

Осылай саудасы күні бойы құж-құж қайнап, думаны дамылсыз шалқып жататын Сұлтанрабаттың еңсесі түсіп, аспаны торланатын кездері де болыпты. Мұндай үрейді Шымқаладан қылышын сүйретіп, қамшысын иіре келетін Қоқан бегінің салық жинаушылары төндіріпті. Олар әр тоқсан басында келіп, зекет салық, түтін салық, қырман салық дей ме, әйтеуір, көп салықты жинап әкетеді екен. Айтқанын орындамағандарды дүрелеп, қарсы сөйлегендерді ұрып-соғып, жұрттың зәресін ұшырыпты.

Рабаттың осындай қым-қуыт тірлігіне араласпай, қышлақ шетінде оқшау ғұмыр кешкен бір бейбақ кемпір тұрыпты. Ешкімге жұғыстығы жоқ бұл байғұстың есік алдында егіз лағы бар ақ ешкісі күндіз-түні арқандаулы тұрар-ды. Кемпірдің күнкөріс нәпақысы – сол ешкіден сауылған сүт. Сол сүтпен ішер шайын ағартып, артылса айран ұйытып күн көрген, ешкімнен нан сұрап, қол жаймаған Құдайдың елеусіз пендесі-тін.

Кемпірдің үйі өзеннен елу қадамдай жердегі кішкене төбенің маңында. Зауза ауып, саратан туа қайдан келгені белгісіз, сол төбені ордалы жыландар жайлап алды. Күн сәскеге көтерілгенде олар індерінен шығып төбені айнала, тіпті, қарсы беттегі жыра бетіне де тұтастай жайылып, арқалары жылтырай, қыздырынып жатады. Саны есепсіз. Іштерінде білектей жуан, сала құлаш, бір үлкен жылан бар. Орданың иесі болса керек, сол басын көтерсе, бәрі де бастарын қақшита қалады. Әлдеқандай ұсақ жыландар өзара «келіспе алмай ұрсысып», бір-біріне маталып айқаса кетсе, әлгі дәу жылан жандарына жетіп барып, оларды ысылдай ұзын құйрығымен сабалап, ажыратып жүреді. Содан соң төбе мен жыраның бетін түгелдей алып жатқан жыландар тыным таппай айналып, шашау шығармайды.

Алғашқыда кемпір бұлардан қатты сескенді. Алайда арада біршама уақыт өткен соң өзің тимесең, өздігінен тиіспейтін бұл мақұлықтарға үйреніп те қалды. Қайта оларға жақындап барып, жыландардың өздеріне тән қым-қуыт тірліктерін күн ұзақ қызықтап қарап отыруды ермек етіп жүрді.

Кемпір күнде кешкісін ешкісін сауып алатын. Сүт толған ыдысты «үйге қойсам, ашып кетеді» деп, даладағы нардың үстіне қалдыратын. Бүгін де сол әдетінше сүт толған ыдысты далаға қалдырып, бетін шүберекпен жаба салған. Ал таңертең тұрып, сүтті пісірем деген оймен шелекті қолына алса, ыдыс бос. Сүт қайда, беймәлім. Бұрын бір адам мұның сүтін алмақ түгілі, үй маңына келмейтін…

Алайда кемпір дәл сол күні бұл жайында көп ойланған жоқ. Бірақ осыдан кейін ылғи таңертең сүт жоқ болып жүрді. Содан кемпір түнде келіп жүрген ұрыны аңдымаққа бекінді. Түні бойы көз ілмей, нар үстіндегі шелектен көз алмай, терезеден қарады да отырды. Келген ешкім болмады. Таң бозара көзі ілініп кетті. Бір кезде сусылдаған дыбыстан оянып кетіп, сыртқа қараса, о, құдіреті күшті Құдай, адам сенбес нәрсені көрмесі бар ма? Жыландар төбедегі індерінен бірінен соң бірі тізбектеле шығып, шелекке қарай беттеді. Ең алдында күнде өзі көріп жүрген дәу жылан. Шелекке жеткенде сол дәу жылан шүберекті тұмсығымен түртіп, жерге түсірді де, алдымен өзі сүтке бас қойды. Одан кейін қалғандары шелекке кезектесе бас қойып, келген іздерімен кері қайтып жатты. Кемпір олардың таңқаларлық істеріне тапжылмай қарады да отырды. Ал шелек түбінде бір тамшы да сүт қалдырмай, жалап-жұқтаған жыландар болса, індеріне кіріп, лезде көзден ғайып болды.

Содан кемпір оларға қарсы қолданар амал таппай, күні бойы басы қатып жүрді. Ақыры ойланып-ойланып, мынадай шешімге келді. «Кешке сауылған сүттің жартысын табаққа құйып, індерінің аузына апарып қояйын. Таңалакеуімде үйге қарай келіп, әуре болмайақ, ішетіндерін ін аузында-ақ ішсін. Бәрібір олар енді сүтке тыныштық бермейді».

Сол күні кешке табаққа сүт құйып, іннің аузына апарып қойды. Ертесіне ертемен тұрып, табағын алып қайтуға төбе басына шықты. Табақ бос. Ал табақтың түбінде шығып келе жатқан күнге шағылысып бір зат жылтырайды. Оны қалтасына салды да, табағын алып, үйіне келді. Келген соң жаңағы зат¬ты арыбері аударыстыра қарады. Осы кезде оның есіне жас кезінде әкесі айтқан бір әңгіме түсті. Әкесі «Қай жерде ордалы жыландар болса, сол жерде алтын болады» дейтін. «Құдай-ау, сонда жылтыраған мына кесек шынымен-ақ алтын болғаны ма? Сонда бұл алтынды аяғы жоқ, қолы жоқ мақұлықтар қалай ыдысқа салып жүр?» – деп таңданды.

Кемпір енді осы ойына көз жеткізбекке бекінді. Ертесіне таң бозара ін аузына келіп отырды. Айнала әбден жарықтанған кезде жыландар іннен кезектесе шығып, сүтті жалап, ішке қайта кірді. Әлден соң құйрықтарын бір-біріне байлап алған бес-алты жылан кесектей алтынды сүйретіп әкелді де, табаққа тастай салды. Адамдар тілі жоқ, ал ой-сана мүлде болмайды деп есептейтін жорғалаушы мақұлықтардың сүт үшін қандай әрекетпен өтем жасағанын көргенде, кемпір естен тана таңданды.



Содан кемпір күнде кешке ін аузына сүт тола табақты апаратын болды. Ал азанда табаққа тасталған өтем – алтынды алып қайтып жүрді. Арада бес-алты күн уақыт өткенде кемпір бір кесек алтынды қойнына тығып, базарға келді. Оны мал сатып тұрған саудагерге көрсетті. Анау салған жерден бас салды:

– Мұныңа екі сиыр, он қой беремін. Ризамысың?

Қарияға мұнша мал түсіне кірмес байлық еді. Аяқ астында осындай тосын байлыққа ие болатынына сеніңкіремеген бұ байғұс не айтарын білмей қатты састы. Ал саудагер болса, уәдесін орындап, жөніне кетті.

Бұрын ешкім назар аудармайтын жалғызілікті кедей кемпірге аяқ астынан бір қора мал біткені рабат жұртшылығын елең еткізді. Біреулер «Мұнша малға жетерлік дүниені бұрын қайда жасырып келген?» деп таңқалысса, енді біреулер «Үйінде шалынан қалған қазына бар екен. Өзін өлтіріп, сол байлықты қолға түсірсек қайтеді?» деген бұзық пиғылды сөздер де айтып үлгерді. Бірақ ел арасында қанша алып-қашпа сөздер айтылғанымен, жұрт шын сырға көз жеткізе алмай, дал болды…

Рабатта осындай әңгіме гулеп тұрғанда Шымқаладан кезекті тоқсанның салығын жинаушылар сау етті. Олар бұрындары алдымен керуен сарайға жайғасып, ет пен қымызға тойып, бозаға бөгіп, бес-алты күн жататын да, содан соң барып іске кірісетін. Бұл жолы олар өйтпеді. Паруанашы деген атағы бар салық жинаушылардың басшысы: «Тез-тез қимылдап, істі жылдам бітіріңдер!» – деп өз шабарман-шеріктерін жан-жаққа шапқылатып жіберді де, керуен сарайға жалғыз өзі кірді.

Оның сөзін екі етпеген шабарман-шеріктер жұрттың үстіне қамшы-қылыштарын қатар үйіріп: «Берешек мал-мүліктеріңді тез-тез жинаңдар!» – деп елдің апшысын қуырып жатқанда, салық басшысы керуен сарайда жантая шай ішіп, рабаттағы мұртты тарақат-жансызымен әңгімелесіп отырды.

– Сөйле, – деді паруанашы жансызына тесіле қарап, – рабатта менің құлағыма тимеген жаңа хабар бар ма? Күллі мұсылман жұртының қамқоршысы, Алла дәргейін биік еткір Құдияр ханның пәрменіне сай жиылатын салықтан жалтару үшін мал-мүлкін, тапқан пұлын азайтып көрсеткен болмаса жасырып жүрген қанша бай қазақты һәм қанша көрікші-зергер сартты анықтадың?

Мұртты жансыз соңғы жылда мал-мүлікпен әжептеуір байыған, бірақ дәулет-дүниесінің біраз бөлігін Қоқан хәкімдерінен жасырып жүрген базбір адамдардың аттарын атап берді де, сөзінің соңында:

– Хан пәрменіне адал болмаған ондайларды қалай жазалау керектігі өзіңіздің құзырыңызда ғой, тақсыр. Бірақ маған һәм мына рабат жұртшылығына сыры бимағлұм бір хабар бар. Рабатта шалы жоқ, бала-шағасыз бір жесір кемпір бар. Ол ілгеріде Сұлтан қожаға күң ретінде еріп келген. Қожа өлерінің алдында оған еркіндік берген. Содан бері қышлақ шетінде бір ешкісінен басқа ештеңесі жоқ кембағал күйде жападан-жалғыз тұратын. Сол кемпір екі-үш айдың ішінде табан астынан байып шыға келді. Бір қызығы, ол жинаған малдарының ешқайсысын осындағы базардың тұрғылықты саудагерлерінен алмаған. Бәрін ары-бері мал айдап өткен саудагерлерден алған. Осыған қарағанда, ол кемпірде ауылдастарынан жасырған бір құпия қор бар-ау, шамасы. Әйтпесе өткінші саудагерлер бұған тегіннен-тегін мал беруші ме еді. Бәрінен бұрын тап қазір есік алдына қырық-елу қой мен оншақты сиырдың басын құрап отырған оның сол саудагерлермен не нәрсе арқылы сауда

жасағаны қызық боп жүр жұртқа…

Мына хабарға елең еткен паруанашы көтеріліп отырды да, жансыздың сөзін бөлді:

– Әй, мынауың шынында тосын хабар екен. Ол қатынның жасы қаншада?

– Шамасы жетпістен асып қалған-ау.

– Иә, иә, сен айтқандай, расында, түкке жарамсыз кемпір екен. Әйтпесе мен ойлап едім, жастау болса қазақтың бір еріккен байы оны сырттай тоқал қып алған шығар деп… әлгі малдарды сол әперген болар деп… Һә-ә, бұл жаңалығың тіптен таңданарлық. Сонда жетпістен асып кеткен қалтаң-салтаң кемпірің сонша малды қалай бағып, оларға қалай ие болып отыр?

– Ой, ол қақпас бұ күнде есіріп, малшы-жалшы ұстайтын болған. Бір-екі мал үшін оған жалданатын кедейлер аз деймісіз. Біреулерге үш-төрт қой, бір сиыр беріп, мал қамайтын қора салдырып, жаман тамының дуалдары мен төбесін сылатып алды. Көрпе-жастығын да жаңартып алғанға ұқсайды. «Енді бір күйме мен оған жегетін ат сатып алсам ба деген ойым бар», – депті біреулерге. Біз болсақ, оны мүсәпір деп аяп жүрміз. Ал ол өлер алдында бір Құдайға ғана аян себеппен байып алып, тайраңдап жүр. Егер сіз рұқсат берсеңіз, біраз жігіттеріңізді ертіп алып, өзін бір сығымдап көрсем бе деймін. Әлгі малдарды қандай пұлдарға сатып алғанын, жасырған дүниесін, құпия сырын айтсын. Одан қалды, хандыққа ел қатарлы салық төлесін.

– Әй, сен мені бүгін төбемнен жай түскендей күйге түсірдің ғой. Айтқаның ақиқат шықса, біраз қызық нәрсеге куә болғалы тұр екенбіз. Сыртқа шық та, Арон бастаған шеріктер тобын осында шақыр! Жігіттер келгесін, маған да бір тың ат дайындасын! Жаңағы кемпіріңнен сауалды өзім аламын.

Жансыз бағаналы бері осы сөзді күтіп тұрғандай, орнынан ұшып тұрды. Паруанашыға басын қайта-қайта иіп, қолын қусырды да, «Мақұл, тақсыр!» деп тысқа зыта жөнелді.

Көп ұзамай паруанашы бастаған оншақты салтатты кемпірдің үйіне жетті. Үй алдында талдың жуан бұтақтарымен қоршалған төбесі ашық қора тұр. Қора ішінде жансыз айтқандай, қырық-елу қой емес, ары кетсе оннан әзер асатын ұсақ мал, екі сиыр қамалыпты. Өзіне жеткен хабардың рас болмай шыққанына күйінген паруанашы жансызға айқайлап берді:

– Ей, малғұн! Сен жаңа бұл үйде малдың саны көп деп едің ғой. Оншақты ғана жаман-жәутік тұяғы бар сорлы кемпірдің үйіне мені неге әуре етіп, сүйреледің-ә?! «Адам жалдап, тамын сылатып алды» деп едің тағы. Төбесі опырылып, дуалы құлайын деп тұрған мына тамда қатып өлгір кемпіріңмен қоса өзіңді де, тап қазір жаман тамның топырағының астына көмдіре салайын ба?!

Зәре-құты қашқан жансыз атынан домаланып түсе салды да, паруанашының үзеңгідегі аяғына жармасып, дірілдей сөйледі:

– Ойбай, тақсыр… ойбай, тақсыр! Ағат сөзіме кәтта ғапу сұраймын. Маған біреулер солай хабар айтқан еді… Бірақ бұ қақпастың малдары мына қорада тұрғандармен ғана шектелмейді. Қалғандары далада, жайылымда болса керек. Одан кейін, паруанашы мырза, бұл рабаттың екі қойы бар тұрғындарының өзі әр жыл сайын бір төлін сіздерге салық ретінде өткізуі шарт. Ал бұл үйде, санап тұрмын, тұптура он үш қой, екі сиыр, бір бұзау бар екен. Мұнша мал – кәтта байлық қой. Осы малдардан тиісті салықты алайық. Бұдан кейін бұ кемпірдің жаңағы мен айтқан жасырын сырын білейік те.

Басшының иіні сәл жібіп, қасындағы атқосшыларына бұрылды:

– Мына тамда тірі жан бар ма, айқайлап шақырыңдаршы!

Қосшылар: «Кім бар үйде? Шық бері!» – деп айқай салды. Бір кезде тоқал тамның жыртық киізбен қапталған ескірген есігі сықырлап ашылды да, ар жағынан жұлым-жұлым жеңіл камзол киген кемпір көрінді. Басындағы шәлісі де, аяғындағы мәсісінің қоныштары да көне тартқан кейуана байғұс қорыққанынан екі қолын кеуде тұсына айқастыра ұстап, есіктен бері қарай үш-төрт қадам басты. Қатты үрейден алдындағыларға тура көз салуға да именген ол жазған, басын төмен салған күйі жақ ашпай тұрды. Паруанашы оған дауыс көтере сөйледі:

– Ей, қақбас! Сені жұрт бай десіп жүр ғой. Неге салық төлемейсің?! Жоқ, әлде сағаң осылай тобымызбен келіп, құрмет көрсетуіміз керек пе?!

Ананың зәрлі дауысы басына таяқтан бетер тигендей күй кешкен сорлы кемпір құлап қала жаздап, өз-өзін әзер ұстады. Сосын қалшылдап тұрып, әзер тіл қатты:

– Ма-а-ғ-ған е-е-шш-кім «сс-алл-ыық тө-ө-ле» де-е-ген ем… ем-м-ес.

– Демесе, енді айтып тұрмыз. Осы күнге дейін салық төлемегенің үшін қойларыңның екеуін ғана өзіңе қалдырамыз да, басқаларын мына сиырларыңмен қоса айдап әкетеміз. Айтпақшы, айтшы, сен бұл малдың бәрін қайдан алдың? Әгәрәки бар шыныңды айтсаң, сағаң, малдарыңа тиіспеуіміз бек қайыл.

– Маған Құдайдың бір рақымы түсіп… Бұ малдар содан көктен түскендей болды ғой, – деді кемпір қорқып тұрса да, анық сөйлеп.

– Не былшылдап тұрсың? Құдайдың рақымы түсіп, байлық көктен жауатын болса, неге келмейді бізге сол дәулет?! Әйда, жігіттер! Тінтіңдер үйін! Көрейік, тығулы жатқан қанша пұлы бар екенін, – деп ақырды басшы.

Үш-төрт шерік аттарынан түсе-түсе қалып, үйге қойып кетті. Бірақ төрт дуал, ескі-құсқы үш-төрт көрпеден басқа тұлдыр дүниесі жоқ үйді қанша тінтісе де, қолдарына ештеңе ілікпеді. Олар амалдары таусылып, қолдарын жая сыртқа шыққанда паруанашы кемпірге қайта шүйілікті:

– Өлейін демесең, мына малдарды қандай пұлға алғаныңды айт!

Кемпір жұмған аузын ашпаған күйі мелшиіп тұрды. Араға жансыз килікті:

– Бүйтіп қырсықтана берсең, сені дүреге салып, сөйлетпек түгілі сайратып жібереміз. Одан да мына малдарды қандай дүниеге алғаныңды ашып айт! Жаныңның барында сұрағымызға жауап бер!

Кемпір тағы да жауап қатпады. Жынданған жансыз ышқына, айқайға басты:

– Ә-ә, ештеңе айтқың келмей ме? Мә, онда, ал алғашқы таяқты! – деп тістенген күйі кемпірдің басына қамшымен салып қалды.

Кемпір сорлы ес-түссіз сұлап түсті. Құлаған кезінде камзолының қалтасындағы жеті-сегіз түйір алтын шашылып жерге түсті. Мұны көрген жансызда ес қалмады. Дереу жерге шашылған алтындарды жинап алды да, паруанашыға қарады:

– Айтпап па едім, тақсыр-ау, айтпап па едім… бұл қақпас тегін адам емес деп. Мыналарға қараңызшы. Таза алтын ғой мыналар, таза алтын. Бұл сүмелек бұларды қайдан



алып жүр? – деді дірілдей, лепіре сөйлеп.

Паруанашымен қатар алтындарды аударып-төңкеріп көрген басқа шеріктер де таңданысып, бір-біріне қарасып, бастарын шайқасты. Ойламаған жерден мол олжаға кенелетінін ойлаған паруанашы қосшыларының қолдарындағы алтындарды жиып, қалтасына басты да, оларға бұйырды:

– Сендер, біреуің су шашып, мына өлімтікті тірілтіңдер. Бұл қақпаста тағы да алтын болуы кәдік.

Біреуі су әкеп, кемпірге шашты. Басын сілкілей есін жиған бейбақ бет-аузын жауып кеткен қанды орамалымен сүртіп, жайлап орнынан тұрды. Басының қамшы осып кеткен жерін алақанымен басып, біраз тұрды да:

– Жүріңдер, мен сендерге көмбемді көрсетейін, – деп бәрін ертіп, үй маңындағы кішкене төбе басына шықты.

Күн бұлтты болып, жел соғып тұрған. Содан сескенген бе, жыландар далаға шықпапты. Бүгін ін аузындағы табағын әлі алған жоқ еді. Табақ түбінде сүт үшін өтем болған зат жылтырап жатыр. Кемпір бар оқиғаны бастан-аяқ айтып берді де, өз үйіне қарай беттеді.

Паруанашы өз тобымен аз уақыт өзара кеңес құрды. Сосын қосшыларын екіге бөліп, біреулерін рабатханада қалған шеріктерді шақырып келуге, енді біреулерін шайханалардан үлкен-үлкен қазандарды әкелуге жұмсады. Біраздан соң төбе маңына рабатханада қалған шеріктердің бәрі жиналды, артынша дәу арбаларға артылған үлкен-үлкен жеті қазан жеткізілді. Басшының пәрменімен дереу ошақтар құрылып, қазандар суға толтырылды. Ойласқандары бойынша, қазандардағы суларды қайнатып, ін түбіне құймақ. Үстеріне құйылған қайнаған судан ін түбіндегі жыландар тегіс күйіп өлмек. Сосын жыландар иеленіп жатқан алтындарды қазып алмақ.

Әлбетте, ордалы жыландар мекен еткен ін апан тәрізді бір шұңқырлы болмайды. Олар мекендеген ұя-орын жер астында неше тармаққа бөлінген, бірде жоғарыға, бірде төменге өрлейтін тарау-тарау тар індерден тұрады. Әрі қанша су құйсаң да, ін толмайды. Өйткені жыландар өздері ін қазбайды, тышқандар мен сарышұнақтар қазған інді тартып алады. Ал тышқандар мен сарышұнақтардың қулығында шек жоқ. Олар індерін тарау-тарау бөліктерге бөліп қазғандары былай тұрсын, бірнеше тұстан жер бетіне шығатын ауыз жасап қояды. Мұндай тәсілді олар бір тесіктен қауіп төнсе, келесі бір тесіктен қашып шығу үшін жасайды. Сондықтан іннің бір тесігінен қанша су құйсаң да, ол қауіптен қашқан тышқан секілді екінші бір ауыздан лақылдап шығып кетеді. Бірақ жыландар мекен ететін іннің осындай болатынын, онда жатқан улы жорғалаушылардың барлығын суға тұншықтырып болмаса күйдіріп өлтірудің мүмкін еместігін оңай олжаға кенелуді мақсат еткендер бағамдамады. Барлық шерік жабылып, үстін-үстін жаққан оттан қазандардағы су қайнаған кезде көп алтынды иеленуге манадан бері ынтызар боп, тықыршып отырған паруанашы:

– Һә-ә жігіттер, ін түбіндегі мақұлықтардың барлығы ендігі жаһаннамға аттанған болар. Құдай қаласа, бүгіннен бастап бәріміз бай болмақпыз. Ал енді, інді қазуды бастаңдар! – деп пәрмен берді.

Төбе басына жиналған қырық қаралы жігіттің барлығы кішкене ғана іннің айналасында қатар тұрып жұмыс істеуге мүмкіндіктері болмағандықтан, топтан он шақты жігіт бөлініп, іске кірісті. Олар біраз жерді ойып, кезекті екінші топқа берді. Бағана паруанашы жігіттерін осылай кезектесе жұмыс жасайтын топ-топқа бөліп қойған-ды. Бірінен кейін бірі дамылсыз жер қазған топтардағы жұмысқа қызып кеткен кейбір жігіттер белуардан шешініп, жалаңаштанып алды. Көп қол қоя ма, әп-сәтте іннің айналасын үңірейтіп, тереңдетіп қазып тастады. Бірақ кетпен-күрекке ін аузына жақын жатып, қайнаған суға күйіп өлген біраз жыландардың өліктері іліккенімен, қолға түскен алтын болмады. Бір кезде қазылған жердің айналасы он шақты қадам, ал тереңдігі бес-алты құлашқа жетті. Алтын жердің жеті қат астында жатқандай, сонда да көрінбеді. Бие сауымындай мезгіл өткенде паруанашы шеріктеріне демалуды бұйырды.

– Әлгі жаман кемпірдің сандырағы рас болса, енді сәл қазсаңдар, жер түбінде үйіліп жатқан мол алтынға қол жеткізеріміз хақ. Әзірше сусын ішіп, бірауық екпін басыңдар.

Жерге отыра-отыра кеткен жігіттердің кейбірі күректерін лайдан тазартып, кейбірі аз уақыттан кейін қолға түсетін алтындарды қайда жұмсайтындарын айтып, мәз болуда. Оларға паруанашы мен жансыз да қосылып, өздерінің келешегін ертегідей елестеткен әңгімелерге берілген. Алайда…

Алайда дәл осы сәтте қазылған апанның жан-жақ қабырғаларындағы кішкене-кішкене індер аузынан өздерінің мазаларын алып, ордаластарының біразын ыстық суға күйдіріп өлтірген екі аяқтыларға кектенген жыландар шыға бастады. Әдетте жылан ашуланғанда қатты ысылдаушы еді. Бәлкім кек алуға аттанған мақұлықтардың да өзіндік санасы бар шығар, бәлкім жауына үнсіз тап беруді олар да білетін шығар, әйтеуір бұ жолы бірде-бір жылан ысылдамай, бірінен соң бірі құжынап шығып, апан жиегіне қарай жарыса өрмелесті. Апан жиегінен тегіс жерге шыққанда олардың санын кім санапты, яки жүз, яки мың болар, әйтеуір дыбыссыз сусыған сансыз жылан даурыға әңгімелесіп, қаннен-қаперсіз отырған кісілерге жан-жақтан бас салды. Бас салған кезде ғана ысылдаған айбатты дыбыс шығарды. Бейқам отырғандар осы сәтте ғана шошынып, орындарынан атып-атып тұруға әрекеттенді. Бірақ әр кісіге отыздан, тіпті елуден жабылған мақұлықтар жан-жаққа үрейлене қашқандардың денелеріне жармасып, тамақтарына оралды. Біреулердің жеңдеріне сүңгіп, қолтықтарынан шақты. Бір жігіт өзіне секірген жыланның тамағынан шап беріп ұстап, аулаққа лақтырып жіберді де, жақындап қалған басқаларды күрекпен сабалай бастап еді, сол жақтан жіп-жіңішке бір жылан оқша атылып, құлағына кіріп кетті. Басқа бір жылан дәл осындай тәсілмен біреудің көзін ойып түсірді. Екі жазған да өкіріп, құлап түскенде көп жылан оларға тағы жабыла кетті. Әркім құмырсқадай қаптаған пәлекеттерден құтылудың амалын жасап бақса да, бірде-біреуі апан айналасынан ұзай алмай, төбе басын ойбайлаған, өкірген, жанұшыра айқайлаған дауыстар басты. Қан шайқаста да шеріктер бұлай өкірмес-ті, бұлай амалсыз ажал құшпас-ты. Мұртты жансыз мойнына бір жылан орала бергенде-ақ жүрегі жарылып кетіп, оп-оңай ажал тапты. Жалғыз ол емес, талай жүрексіздер осылайша әпсәтте жантәсілім қылды. Тек жыландар алғаш шабуылдағанда ортада отырғандықтан улы тістерге ілікпей қалған паруанашы ғана бәрінен пысықтық жасап, дүрбелең басталғанда алды-артына қарамай, анадайдағы атына жүгірді. Атына міне бергенде оған екі жылан бірдей оқтай атылған. Бірақ жыландар арасындағы «оқжылан» деп аталатын бұл мақұлық түрінің жылдамдығы мен соққысы сұмдық болғанымен, бір секіргенде екпіні бес-алты қадамнан аспайды. Сондықтан екеуінің де секірісі атына міне сап, ұзап үлгерген паруанашыға жетпеді. Одан басқаның барлығы төбе басында улы зәһардан азапты өлімге душар болды.

Алтын дәметушілерді шетінен осылай теңкитіп тастаған жыландар өз тірліктерін бітірген соң бәрі бір жерге жиналып, кемпірдің үйіне қарай жылжыды. Үйге он қадамдай жерге келгенде дәу жыланнан бастап бәрі қалт тұра қалып, кеуделерін көтере біраз уақыт ысқырып, ысылдап тұрды да, кері бұрылды. Бәлкім өздеріне сауап, мейірім жасаған кемпірмен қоштасты, бәлкім өлген ордаластарына қайғырды, мүмкін тыныштығын бұзғандарға лағынет айтты, ол жағы тек көктегі бір тәңірге ғана белгілі, ал белгілісі – сол күннен кейін ол төбеден жыландар кетіп қалды. Одан соң қайда бет алғанын ешкім білмейді, бұл маңнан кемпір де көшіп кетті.

Ажалдан аман құтылған паруанашы сол қашқаннан қашып барып, Шымқалаға жетті. Жеткенімен жаны тыныштық таппады. Көзі ілінсе болды, түсіне тұла-бойын тістелеген, аяқ-қолдарын шағып жатқан жыландар кіріп, үрейлене, айқайлай оянды. Далада жүрсе көз алдына жыландардың елес сұлбасы көлбеңдеді. Сөйтіп жынданардай хәлге түсіп жүргенде бір танысы оған: «Бұл – сені ордалы жыландардың іздеп жүргенінің белгісі. Олардан һәм мынадай жағдайдан құтылғың келсе, тезірек алысқа кетіп, бір жақсы молдаға оқылғаның ләзім», – деп кеңес берді. Одан басқа амал таппаған залым айтқанға құлақ қойып, қатын, бала-шағасымен Тәшкенге көшті. Сол жақта бір ілімді молдаға оқылып, жаны жай тапты.

Ал әлгі оқиғадан бір жыл өткен соң Талас жақтан жол тартқан әлдебір саудагер осы маңнан Тәшкен базарына қарай қой айдап өтеді. Саудагер Бадамнан асып, Қазығұрт етегіне түнемекке аялдайды. Ертесіне қойлар арасындағы бір қошқардың мүйізіне оралып келе жатқан жыланды көреді. Жылан Тәшкенге дейін әлгі қошқардың мүйізінен түспей келеді де, қалаға жақындағанда көзден ғайып болады. Алайда саудагер бұл жыланның шаһарға жақындағанда неліктен жоғалып кеткеніне онша мән бермейді.

Содан ол бар малын екі-үш күн саудалап болып, шаһар ортасындағы бір кәтта шайханаға кіреді. Мұндағы кісілерден күні кеше ғана осы шайханада бұрын Шымқалада салық басшысы болған бір паруанашыны терезеден түскен шұбар жылан шағып өлтіргенін естиді. Саудагер сонда ғана барып, былтыр Сұлтанрабатта болған оқиғаны еске алып, өзінің қошқарының мүйізіне оралып келген жыланның сырын ұққандай болады. «Құдайдың құдіреті, сонша кісінің ішінен өздерінен қашқан салық басшысын тап басып, қалай таныды екен ол мақұлық? Бәрінен ғажабы, ол паруанашының Тәшкенде екенін қайдан білген?» – деп жағасын ұстапты саудагер…


«Ордалы жыланға тиіспе, тиіссең олар кек алмай қоймайды» деседі қарттар. Мұнысы өтірік пе, рас па, ол жағын білген адам жоқ. Бірақ не десек те, атам қазақ жерге ат қойғыш қой, әлгі уақиғаға байланысты сол жер әлі күнге дейін «Жыланбұзған» деп аталады. Бір кезде ордалы жыландар мекендеген төбе де, тіпті алтын іздеушілер қазған шұңқырдың орны да сол үңірейген қалпы жатыр. Сұлтанрабат атауы да жойылмаған. Оны кешегі кеңес өкіметі де өзгерткен жоқ. Қазір түбі Ферғанадан, бергі аталары Сайрамнан ауған баяғы өзбектердің ұрпақтары тұратын үлкен ауылға айналған.

Момбек ӘБДІӘКІМҰЛЫ,
Qazaqadebieti сайтынан алынды

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 33 (1296) 28.08.2026 Алатау

162 МЕКТЕПТЕ САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАП БҰЗЫЛҒАН

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА САНАУЛЫ КҮН ҚАЛДЫ. БАЛАСЫН МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАП ЖҮРГЕН АТА-АНА ҮШІН СЫНЫПТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ҒАНА ЕМЕС, АСХАНАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ, АУЫЗСУДЫҢ САПАСЫ, САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫҢ САҚТАЛУЫ ДА МАҢЫЗДЫ. ОСЫ МӘСЕЛЕЛЕР БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БРИФИНГТЕ СӨЗ БОЛДЫ.



Жиында Жетісу облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Самат Ахметов білім беру ұйымдарында жүргізілген мониторинг нәтижелерін таныстырды.

– Биыл мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы әдеттегіден ертерек назарға алынған. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №2 қаулысына сәйкес жалпы білім беретін мектептер мен мектеп-интернаттарға арнайы мониторинг жүргізіліп, мамандар 1 маусым мен 1 шілде аралығында облыстағы білім беру нысандарын аралаған. Бір айға созылған бақылау барысында 312 мектеп, 286 мектеп асханасы және 9 мектеп-интернат қамтылды, - дегенді айтты ол.

Брифингте айтылған деректерге қарағанда, тексерілген мектептердің жартысынан астамында талапқа сай келмейтін тұстар анықталған. Нақтырақ айтқанда, 312 мектептің 162-сінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың бұзылғаны белгілі болды.

– Мониторинг қорытындысы бойынша санитариялық талаптардың бұзушылықтары анықталған 162 мектепке оларды жою жөнінде нұсқама берілді. Сонымен қатар, 10 мектепте санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болмағандықтан, жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулы шығарылды, – деді Самат Ахметов.

Асхана - мектептегі баланың күнделікті өмірімен тікелей байланысты тағы бір маңызды орын. Сондықтан, мониторинг барысында мамандар ас блоктарының жағдайына да жеке назар аударған. Облыстағы 286 мектеп асханасының 81-інен санитариялық талаптарға қатысты кемшіліктер табылыпты. Олардың барлығына тиісті нұсқама берілген. Ал 8 мектептің ас блогын жалға алып отырған жеке кәсіпкерлерде санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болмаған. Осыған байланысты оларға да жедел ден қою шаралары қолданылған.

Мектеп-интернаттардағы жағдай да назардан тыс қалмады. Облыс аумағындағы 9 мектеп-интернаттың барлығы мониторингпен қамтылып, оның 7-еуінде талап бұзушылықтары анықталған. Нәтижесінде, мекеме басшыларына кемшіліктерді жою жөнінде нұсқама берілді.

Әрине, мониторингтің мәні кемшілікті анықтап, нұсқама берумен ғана шектелмейді. Оның қаншалықты орындалғаны да маңызды. Осы ретте брифинг барысында атқарылған жұмыстардың кейінгі нәтижесі де айтылды. Мектептерге берілген 162 нұсқаманың бүгінде 147-сі орындалған. Төрт мектеп нұсқаманың орындалуы жөнінде ақпарат ұсынбаған болса, тағы бесеуінде көрсетілген талаптар ішінара ғана орындалған. Ал алты нұсқаманы орындау мерзімі қыркүйек айына белгіленген.

Асханалар мен мектеп-интернаттардағы жағдай біршама көңіл көншітеді. Спикердің айтуынша, мектеп асханаларына берілген 81 нұсқаманың барлығы орындалған. Сондай-ақ, жеті мектеп-интернатта анықталған кемшіліктер де толық жойылған.

Жаңа оқу жылы қарсаңындағы мұндай бақылаудың түпкі мақсаты – қағаздағы көрсеткішті түгендеу емес, бала күн сайын бірнеше сағатын өткізетін ортаның қауіпсіз болуын қамтамасыз ету. Өйткені мектептің дайындығы сырланған қабырға мен жаңарған партамен ғана өлшенбейді. Таза асхана, санитариялық талапқа сай ғимарат пен тиісті рұқсат құжаттарының болуы да оқушы қауіпсіздігінің бір бөлігі. Ал әзірге орындалмай тұрған нұсқамалардың жайы жауапты мамандардың бақылауында қалмақ.

ӨҢІРДЕ 289 ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСЫ ТІРКЕЛГЕН

Жетісу облысында интернет-алаяқтықтың алдын алу, азаматтардың цифрлық қауіпсіздігін күшейту және жастар арасында белең алған жаңа сипаттағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу мәселелері Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында кеңінен сөз болды.



Жиында Жетісу облысы ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Ернат Абдрахимов интернет кеңістігіндегі қылмыстардың сипаты өзгеріп, алаяқтықпен қатар азаматтарды қылмыстық схемаларға тартудың да жаңа тәсілдері пайда болғанын айтты.

Бүгінде смартфон мен интернеттің цифрлық мүмкіндіктері артқан сайын оның көлеңкелі тұсы да көбейді. Қарапайым телефон қоңырауы, әлеуметтік желідегі хабарлама немесе күмәнді сілтеме адамның жинаған қаржысынан санаулы секундта айырылуына себеп болғанын көріп жүрміз. Осыған байланысты бүгінде киберқылмыс ең жасырын, әрі қауіпті қылмыс түрлерінің біріне айналып отыр.

Жетісу облысында бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде интернет-алаяқтық фактілері өткен жылмен салыстырғанда азайған дейді Ернат Абдрахимов.

– 2026 жылдың 25 тамызындағы мәлімет бойынша өңірде 289 интернет-алаяқтық қылмысы тіркелген. Былтыр осы кезеңде 338 дерек тіркелген еді. Яғни, қылмыстың бұл түрі 14,5 пайызға төмендеген. Оның ішінде ауыр санаттағы қылмыс саны да азайып, биыл 64 қылмыстық іс тіркелген. Бұл өткен жылғы 80 іспен салыстырғанда 20 пайызға төмен көрсеткіш.

Дегенмен, санның азаюы мәселенің өзектілігін төмендетпеді. Өйткені интернеттегі алаяқтықтың басты ерекшелігі – қылмыскер мен жәбірленушінің бетпе-бет кездеспеуінде. Қасқүнемдер адамның сенімін, қорқынышын, асығыстығын, кейде қаржылық сауатсыздығын шебер пайдалануда, - деді полиция майоры.



Облыста тіркелген интернет-алаяқтық қылмыстарының ашылу көрсеткіші 34,5 пайызды құрапты. Ал ауыр санаттағы қылмыстардың ашылуы 61,4 пайызға жеткен. Қазіргі таңда 119 қылмыстық іс аяқталып, оның 99-ы сотқа жолданған көрінеді.

– Интернет алаяқтарынан да сақ болайық. Алаяқтар көбіне банк немесе мемлекеттік орган қызметкері болып хабарласып, жеке дерек, SMS-код немесе ақша аударуды талап етеді. Сондай-ақ, бейтаныс сілтемелерге өтпеу, карта деректері мен құпия кодтарды ешкімге бермеу қажет. «SIM-картаңыздың мерзімі аяқталды» деген хабарламаларға да сақ болған жөн. «Қазпошта» қызметкерлері сәлемдемені алу үшін құпия код сұрамайды. Ал WhatsApp не Instagram арқылы жақыныңыз ақша сұраса, алдымен өзіне хабарласып, оның расында өзі екеніне көз жеткізген дұрыс, - деп ескертеді құқық қорғау органдарының өкілі.

Киберқылмысқа қарсы күрес қылмысты ашумен шектелмейді. Оның алдын алу, әсіресе халықтың цифрлық сауатын арттыру мақсатында полиция қызметкерлері тұрғындар арасында тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Баспасөз мәслихатында «дропперлік» мәселесі де қозғалды. Полиция департаментінің өкілі аталған қылмыс түріне арнайы тоқталып, жастарды «оңай ақшаға» қызықпауға шақырды. Оның айтуынша, соңғы жылдары халық арасында дропперлік фактілері артып келеді екен.

Дроппер – өз банк картасын, есепшотын немесе жеке деректерін бөтен адамдарға беріп, қылмыстық жолмен алынған қаражатты аударуға, шешіп алуға көмектесетін адам.

Олар соның салдарынан, қылмыстық схеманың қатысушысына айналады. ҚР Қылмыстық кодексінің 232-1-бабына сәйкес, мұндай әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Жағдайға қарай айыппұл салынуы, бас бостандығы шектелуі немесе бірнеше жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Брифингте жаңа оқу жылы қарсаңында жасөспірімдер арасында жиі кездесетін буллинг, сталкинг, сваттинг мәселелері де назардан тыс қалмады.

– Біреуді қайта-қайта мазақтау, қорлау, ұру, кемсіту, әдейі ортадан шеттету жағдайлары, яғни буллинг, әлеуметтік желіде жасалған кибербуллингке де зың тұрғысынан жаза бар. Одан бөлек сталкинг, сваттинг – дегендерден де аулақ болуға шақырамыз. Яғни біреуді оның келісімінсіз анду, үнемі бақылау, қайта-қайта мазалауға болмайды. Полицияға, жедел жәрдемге немесе төтенше жағдай қызметіне әдейі жалған хабар беріп, оларды белгілі бір мекенжайға шақырту да зың бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Оның барлығына зың мен тәртіп қарастырылған, - деп, жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынаста жеке шекараның сақталуы маңызды екенін айтты Ернат Абдрахимов.

«Киберқауіпсіздік – полицияның ғана емес, әр азаматтың жауапкершілігі», – деген спикер «Қазатомөнеркәсіп», «ҚазМұнайГаз», «Kaspi Profit» секілді атауларды пайдаланып, жылдам табыс ұсынатын жалған инвестициялық жарнамалардан да сақтануға шақырды.

Сондықтан күмәнді ұсынысқа сенбей, құпия кодты айтпай, картаңызды бөтен адамға бермеу қағидаларын ұстаныңыз, оқырман.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП - БАСТЫ БАҒДАР

«Заң мен тәртіп – басты бағдар» - бұл құқықтық мемлекет пен кемел қоғам құрудың негізгі формуласы. Заң мен тәртіп мемлекеттіліктің берік тұғыры.

Адамзат баласы өркениет көшіне қадам басқан сәттен бастап, қоғамдық қатынастарды реттеудің, тұрақтылықты сақтаудың және ілгерілеудің басты құралын іздеді. Ол құрал – Заң мен Тәртіп. Бүгінгі таңда егемендігін бекемдеп, әлемдік қауымдастықтан өз орнын алған Қазақстан Республикасы үшін де бұл қос ұғым – мемлекеттіліктің алтын діңгегі, ел дамуының басты бағдары болып табылады.

Заң – тек қағазға түскен ережелер жиынтығы емес. Ол – қоғам мүшелерінің өзара келісімі, әділдік пен теңдіктің кепілі. Құқық үстемдігі орнамаған жерде ешқандай экономикалық өрлеу немесе әлеуметтік жаңғыру мүмкін емес. Заңның басты мақсаты – азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау, қоғамдағы заңсыздық пен әділетсіздікке тосқауыл қою.

Атақты ойшыл Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде айтылатын тәртіп пен әділдік идеясы бүгінгі құқықтық мемлекет тұжырымдамасымен үндесіп жатыр. Заң алдында бәрінің тең болуы – мемлекетке деген сенімді нығайтатын басты фактор.

Егер заң қоғамның жүрегі болса, тәртіп оның соғысы. Кез келген заң тәртіппен, яғни оның мүлтіксіз орындалуымен ғана құнды. Тәртіп бар жерде береке бар, даму бар. Қоғамдық орындардағы мәдениеттен бастап, мемлекеттік қызметтегі жауапкершілікке дейінгі аралықты қамтитын «мүлдем төзбеушілік» (нулевая терпимость) қағидасы – қазіргі қоғамның басты талабы.

Ұлы Абай: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын» - деп, жүгенсіздік пен тәртіпсіздіктің ел бірлігіне іріткі салатынын ашы болса да дәп басып айтқан. Демек, тәртіпке бағыну – құлдық емес, еркіндік пен қауіпсіздіктің ең жоғары көрінісі.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің саяси және құқықтық реформаларының өзегі - «Заң мен тәртіп» қағидасы. Бұл бағдарламалық ұстаным әрбір азаматтың заңды құрметтеуін, өз міндеттерін терең сезінуін талап етеді. Құқық бұзушылықтың кез келген түріне, мейлі ол ұсақ бұзақылық немесе ірі жемқорлық болсын, заң жүзінде тосқауыл қойылуы тиіс.

Мемлекет басшысы атап өткендей, заң мен тәртіп орнаған қоғамда ғана әділеттілік салтанат құрады. Саяси мәдениет пен құқықтық сауаттылықты арттыру – әрбір азаматтың, әсіресе өскелең ұрпақтың басты міндеті.

Заң мен тәртіп – қатар жүретін, бірін-бірі толықтыратын егіз ұғым. Олар мемлекеттің қауіпсіздігін, тұрақтылығын және болашаққа деген сенімін қалыптастырады. Біз заңды қастерлеп, тәртіпті ту еткенде ғана қуатты, өркениетті және құқықтық мемлекетке айналамыз. Ендеше, «Заң мен тәртіп» әрбір қазақстандықтың өмірлік ұстанымы әрі басты бағдары болуы шарт.

Ж.М. КАДИРОВА,
Талдықорған қаласының
мамандандырылған тергеу сотының судьясы

Бейсенбі - Четверг, 3 қыркүйек

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қазақстаным алға!» Алтынай Жорабева
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Телехикая «Детектив әже»
12.20 «Тазы»
13.00 «ОйнаQ»
14.00 Мультсериал «Турбозавры»
15.30, 20.00 Сериал «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
21.25 Телехикая «Любой проблема шешеміз»
23.00 «Ар алдында»
23.50 «Райское место»
00.45 Меняйся к лучшему
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.10 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.30«Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Кереміз шоу»
20.00, 01.50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, расплата за справедливость»
23.10 «Встреча на встречке»
02.20 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»(қайталау)
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
08.50 Вечерние новости
09.30 Сериал «Марашанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 «Кладовая жизнь»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Кладовая жизни »
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.40 Сериал «Певица»
03.10 Сериал «Марашанец»
04.40 «Закира»
05.25 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/
14.20 Халықтық конституция
14.25 «19 аймақ»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 «Жаңа конституция»
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Жетісу әуендері»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 «Жаңа конституция»
16.20 К/ф «Мектеп президенті»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
17.50 Халықтық конституция
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Таза мекен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Президент архиві»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 Д/ф «Вкус жизни»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Қожайынның балалары»
22.35 Халықтық конституция
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30,05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро (рус,каз)
08.00 МЭКСономика
08.10,01.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.50 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.20 худ. фильм «Широко шагая»
13.30 худ. фильм «Два ствола»
15.30 «Профессионал»
18.10 «Али, рули!»
21.00 худ. фильм «Досье черная канарейка»
23.00 худ. фильм «Дом на другой стороне»
02.30 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток»
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

7 КАНАЛ

05.20, 15.50,18.30,02.10 Телесериал
06.25,23.10 «Иффет»
08.10,10.10 Телехикая «Жетімдер»
10.00,13.00 Новости
11.10, 00.20 телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Цифровая гигиена»
13.30 «Тақиясыз періште»
14.30 «Бастық боламын»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.10 сериал «Далекий город»
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

Жұма - Пятница, 4 қыркүйек

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қайтар мағаң» Лашын Мұратқызы
07.00 «Оян!»
09.00 «Cover show»
10.00 Т\х «Детектив әже»
13.00 «ОйнаIQ»
15.00 М\с «Турбозавры»
15.30, 20.00 Т/х «Келінжан»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.30 Кино «Менің үйім қайда?»
22.00 «Қоғам пікірі»
23.00 Т/х «Ар алдында»
23.50 Сериал «Райское место»
00.45 «Өзгер» «Меняйся к лучшему»
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «Особенное лето»
07.00 Сериал «Забудь и спомни»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
13.05 «Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.50 Басты жаңалықтар
19.00, 03.45 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.30 «Парламент online»
20.35 «Поле чудес»
22.05 Сериал «Загадка на двоих: Февральская сирень»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 04.40 «Закира»отандық т/х
08.50 Вечерние новости
09.30, 03.10 Сериал «Марашанец»
11.40 Сериал «Агенты справедливости»
13.50 Сериал «Кладовая жизнь»
16.00, 01.40 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Любовь, как стихийное бедствие»
05.20 Кешкі жаңалықтар
05.25 «Әнім сен едің»

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Жаңа конституция»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.20 Халықтық конституция
14.35 «102» сообщает»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.30 «Жаңа конституция»
16.40 Д/ф «Ел жақта»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Ауылдан адам көшкенмен...»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Абадан»
18.20 «Тарихнама» / Хандар
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Әу» де»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 «Апта»
22.15 Ауа райы
22.25 Халықтық конституция
22.30 Д/ф «Бағбан»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 Д/ф «Код инфраструктуры»
«Модернизация ЖКХ»
11.20 «TikTok show»
11.30 Саумал
12.00 Т/х «Математика + Музыка = Махаббат
13.10 Кино «Хотя бы кино-да-2»
15.20 Х\ф «Джордж из Джунглей»
17.20 Х/ф (Моана)
19.30 Кино «Книга Джунглей»
21.30 Х/ф «Дэд-Пул»
23.40 Х\ф «Черная конарейка»
01.30 «Bizdin show»
03.00 «31 әзіл»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.22 Т\х «Иффет»
07.00, 23.00 Т\х «Жетімдер»
09.10, 16.30, 01.40 Телесериал
13.00 Х/ф «Под даждем не видно слез»
15.10 «Аман бол»
18.30 Т/х «Ауылға апарар жол»
20.00 Сериал «Жар-птицы»
22.10 Сериал «Далекий город»
02.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.30 Қызықты weekend
04.10 тазалық уақыты
04.40 Жарқыраған жұлдыз

Сенбі - Суббота, 5 қыркүйек

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Әке бақыты»
06.00 «Dastour» Дастан Оразбеков
08.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
11.00 М\с «Суперкоманда»
12.30 Х\ф «Ангелы Чарли-2: Только в перед»
14.30 «Cover show»
15.15 «Қызық times»
16.30 «Асыл мұра» концерт
18.30 Т/х «Келінжан»
21.00 «7 күн»
21.30 Жұмыр жер
21.50 Х\ф «Жажда смерти»
23.50 Подкаст «Контекст»
00.45 «Өзгер!» «Меняйся к лучшему!»
01.20 «100 сарбаз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.55 Главные новости
08.35 Т/х «Сезім толқыны»
09.50 «Поле чудес»
11.20 Х\ф «Петербургский роман»»
17.30 «Точь-в-точь»
20.00 Асау жаңалықтар
20.35 Сериал «Ателье счастья»
01.50 Т\с «Без особых примет»
03.40 «Qaimaq»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.50 «Әнім сен едің»
07.50, 01.00 «Было дело» д/д
09.20 Вечерние новости
10.00,02.50 Абай Бегейдің ән кеші
12.30 «Инспектор» отандық т/х
14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»
16.45 Сериал «Любовь, как стихиное бедствие»
21.00 Сериал «Ча-ча-ча»
05.20 «КТК қоржыны

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.25 «Азбука Конституции»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
09.55 «Конституция әліппесі»
10.00 Новости
10.25 Халықтық конституция
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Біздің толқын»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Жаңа конституция»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.20 Халықтық конституция
14.35 «102» сообщает»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Әсем әуен»
16.30 «Жаңа конституция»
16.40 Д/ф «Ел жақта»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Ауылдан адам көшкенмен...»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Абадан»
18.20 «Тарихнама» / Хандар
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Әу» де»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта»
21.20 «Жаңа конституция»
21.30 «Апта»
22.15 Ауа райы
22.25 Халықтық конституция
22.30 Д/ф «Бағбан»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 Д/ф «Код инфраструктуры»
«Модернизация ЖКХ»
11.20 «TikTok show»
11.30 Саумал
12.00 Т/х «Математика + Музыка = Махаббат
13.10 Кино «Хотя бы кино-да-2»
15.20 Х\ф «Джордж из Джунглей»
17.20 Х/ф (Моана)
19.30 Кино «Книга Джунглей»
21.30 Х/ф «Дэд-Пул»
23.40 Х\ф «Черная конарейка»
01.30 «Bizdin show»
03.00 «31 әзіл»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.22 Т\х «Иффет»
07.00, 23.00 Т\х «Жетімдер»
09.10, 16.30, 01.40 Телесериал
13.00 Х/ф «Под даждем не видно слез»
15.10 «Аман бол»
18.30 Т/х «Ауылға апарар жол»
20.00 Сериал «Жар-птицы»
22.10 Сериал «Далекий город»
02.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
03.30 Қызықты weekend
04.10 тазалық уақыты
04.40 Жарқыраған жұлдыз

Жексенбі - Воскресенье, 6 қыркүйек

ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Әке бақыты»
06.00 «Асыл мұра» концерт
08.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
11.00 Мульт «Пушистый вояж»
12.15 Х/ф «Жажда смерти»
14.15 «Cover show»
15.15 «Қызық times»
16.30 Т\х «Келінжан»
21.00 «7 күн»
21.30 Глобальные события
21.50 Х\ф «Ангелы Чарли-2: Только вперед»
23.50 Подкаст «Azamat Live»
01.00 «Өзгер!» «Меняйся к лучшему!»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.20 «Qaimaq»
07.30 Асау жаңалықтар
08.55 Т/х «Сезім толқыны»
11.00 Х/ф «Петербургский роман»
17.20 Х/ф «Лоторея»
20.00 «Аналитика»
20.50 Сериал «В отражении тебя»
02.10 Команды

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 03.50 «Сен да, мен де» Ғазизхан Шекербеков
08.30 «Было дело»
10.30 «Реформа»
11.00 «Алдараспан»
12.30 «Инспектор» отандық т/х
14.00 сериал «Однажды в Чукурова»
17.00 сериал «Ча-ча-ча»
21.00 Портрет недели
22.00 Х/ф «Еркебай»
00.00 «Было дело» д/д
02.00 «Реальная мистика
05.50 «КТК қоржыны

ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
08.55 «Азбука Конституции»
09.00 «Апта»
09.45 «Конституция әліппесі»
10.00 «Апта»
10.45 Халықтық конституция
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Азбука Конституции»
11.15 «Әсем әуен»
11.45 «Жаңа конституция»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «ДАRA LINE»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Әсем әуен»
13.35 «Жаңа конституция»
13.40 «Дала сыры»
14.00 «Келін BATTLE»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 «Жаңа конституция»
16.40 Д/ф «Культура чистоты»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Агро аймақ»
17.50 Халықтық конституция
18.00 «Единый народ»
18.25 «Конституция әліппесі»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
20.55 «Конституция әліппесі»
21.00 «Угәгәй melody»
21.45 «Жаңа конституция»
22.00 «Әсем әуен»
22.25 Халықтық конституция
22.30 Д/ф «Fake You»
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.00 «Әзіл студио»
07.00, 02.10 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
08.50 М\с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим» с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30 Д/ф «Код инфраструктуры»
«Алматы 24/7. Город, который не спит»
11.10, 03.40 «TikTok show»
11.20 Саумал
11.40 «Күліп All»
12.00 Т/х «Математика + Музыка = Махаббат»
13.10 Кино «Хотя бы кино-да-3»
15.10 Х/ф «Моана»
17.20 Кино «Книга Джунглей»
19.30 Х/ф «Дэдпул»
21.30 Х/ф «Чужие против хищника: реквием»
23.20 Х/ф «Аллея кошмаров»
03.50 «Time Vine»
04.20 «1001 әзіл»
04.30 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ


05.20 ҚР Әнұраны
05.22,23.10 Т/х «Иффет»
07.00 Т/х «Жетімдер»
09.10,16.30,01.40 Т/с
13.20 «Аман бол»
14.30 Х/ф «Научи меня жить»
18.30, 00.10 Т/х «Ауылға апарар жол»
20.00 сериал «Жар-птицы»
22.10 сериал «Далекий город»
02.40 Әйгерім Сефолланың сырласуы
03.30 Қызықты weekend
04.10 Тазалық уақыты
04.40 Жарқыраған жұлдыз

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 33 (1296) 28.08.2026 Алатау

АҚСУ АУДАНЫ

ОРТАЛЫҚ САЯБАҚ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Жансүгіров ауылындағы орталық саябақты жаңғырту жұмыстары басталды. Ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған ауқымды жоба 2026–2027 жылдарға жоспарланған.



Жобаның негізгі мақсаты – саябақ аумағын абаттандырып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту және тұрғындарға заманауи демалыс орнын қалыптастыру. Жаңарған саябақта балалар мен спорт алаңдары, амфитеатр, бассейн, жүгіру жолы, фудкорт және өзге де демалыс орындары қарастырылған.

Нысанның тапсырыс берушісі – аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімі.

Биыл, яғни 2026 жылы, саябақтағы бұрынғы элементтерді демонтаждау, қажетті шұңқырларды қазу және жер асты инженерлік желілерін жүргізу жұмыстары жоспарланған. Бұл жұмыстар алдағы кезеңдегі құрылыс пен абаттандыру шараларына негіз болады.

Ал 2027 жылы саябақты көркейту жұмыстары кең көлемде жалғасады. Атап айтқанда, екі субұрқақ орнатылып, қолданыстағы бассейнге реконструкция жүргізіледі. Сонымен қатар төрт балалар ойын алаңы, үстел теннисі, футбол және баскетбол алаңдары салынып, аумақта көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстары атқарылады.

Жоба толық жүзеге асқаннан кейін орталық саябақ Жансүгіров ауылының тұрғындары үшін жайлы әрі заманауи қоғамдық кеңістікке айналмақ. Мұнда балалардың ойнап, жастардың спортпен шұғылдануына, ал тұрғындардың таза ауада тынығып, бос уақытын мазмұнды өткізуіне мүмкіндік молаяды.

ЖҮЗ ЖАУҺАР – ЖҮЗ КІТАП

Кітап – рухани қазына, білім мен ойдың қайнар көзі. Адамның ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастыратын кітаптың қоғамдағы орны қашанда ерекше.



Ақсу аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен Қапал ауылдық кітапханасында «Ауыл кітапханаларына – 100 кітап» жобасы аясында «Жүз жауһар – жүз кітап» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің басты мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оқуға ұсынған таңдаулы 7 кітапты көпшілікке кеңінен таныстыру, оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, жастарды руханиадамгершілік құндылықтарға баулу.

Кітап көрмесіне кітапхана оқырмандары мен жергілікті мекеме қызметкерлері қатысып, ұсынылған әдебиеттермен танысты. Келушілерге кітаптардың мазмұны мен маңызы туралы ақпарат беріліп, оқуға ұсынылған шығармалардың тағылымдық мәні кеңінен насихатталды.

Осындай мәдени-танымдық шаралар ауыл тұрғындарының кітапқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, рухани байлықты ұлықтауға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеді.

МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ

Ақсу ауданында қазақ музыкасының көрнекті композиторы, ән әлемінің жарық жұлдызы Шәмші Қалдаяқовтың туған күніне арналған мерекелік концерт өтті.

Жансүгіров ауылындағы Орталық саябақта ұйымдастырылған әсем кешке аудан тұрғындары мен қонақтары жиналып, қазақ әнінің дарабоз тұлғасының шығармашылығына тағзым етті.

Мерекелік кеш барысында аудан өнерпаздары Шәмші Қалдаяқовтың ел жүрегінен орын алған, сырлы да сазды әндерін орындап, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әр әннен қазақы болмыс, туған жерге деген сүйіспеншілік пен адамға деген ізгілік сезімі аңғарылып тұрды.

Сазды әуенге ұласқан кеш барысында көрермендер өнерпаздарға ыстық ықыласын білдіріп, қошеметін аямады. Әсем әнмен тербелген саябақтағы мерекелік думан көпшілікке ерекше әсер сыйлап, тұрғындардың көңілді әрі мазмұнды демалуына мүмкіндік берді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

САРЫБӨКТЕРЛІКТЕР СЕРГЕК ҚЫЗМЕТТЕ



Тау төсіндегі тыныштықтың өзі кейде қырағылықты талап етеді. Өйткені мемлекеттік шекара дегеніміз – бейқамдықты көтермейтін жауапты шеп.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Сарыбөктер» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері дәл осындай күрделі учаскеде ел шебін күзетіп келеді.

Шалғайдағы таулы аймақтың табиғаты қатал. Биік тау, құбылмалы ауа райы, ұзақ кезекшілік – мұның бәрі шекарашыдан кәсіби шеберлікпен қатар, төзімділік пен табандылықты талап етеді.

Бөлімшеге капитан Абдыхан Серікбай басшылық етеді. Тәжірибелі офицер үшін басты міндет – шекара күзетін сапалы ұйымдастырып қана қоймай, әр әскери қызметшінің жауынгерлік әзірлігін шыңдау.

«Сарыбөктерліктер» бірнеше буын қалыптастырған жауынгерлік дәстүрді жалғастырып келеді. Олар тәуліктің қай мезгілі, ауа райының қандай болғанына қарамастан, өздеріне жүктелген міндетті мінсіз орындауға тырысады.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАН



Шекара қызметінде жылдар бойы жинақталған тәжірибе – жас сарбаздарға көрсетілген бағыт-бағдар. Осындай азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Үйгентас» шекара бөлімшесінің топ бастығы, кіші сержант Ерзат Жанымханов.

Ол үш жылдан астам уақыттан бері «Үйгентас» шекара бөлімшесінде қызмет атқарып келеді. Осы уақыт ішінде өз ісінің қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, жинаған тәжірибесін жас әскери қызметшілерге үйретуді де азаматтық міндеті санайды.

Бүгінде топ бастығы ретінде жеке құрамның қызметін ұйымдастырып, әр жауынгердің өз міндетін жауапкершілікпен атқаруына мән береді. Жас буынға үлгі болатын осындай әскери қызметшілердің еңбегі шекарадағы сабақтастықтың берік екенін көрсетеді.

ШЕКАРА МЕН ШАҢЫРАҚҚА ДЕГЕН СЕРТ



Отан қорғау – үлкен жауапкершілік. Ал сол жауапкершілікті отбасылық міндетпен қатар алып жүру – одан да үлкен сын.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Үйгентас» шекара бөлімшесінің старшинасы, ефрейтор Олжас Тасыбек үшін әскери қызмет пен отбасы – өмірінің қос тірегі.

Оның жары Аружан Масақбаева да осы бөлімшеде санитар нұсқаушы болып еңбек етеді. Бір бөлімшеде бірге қызмет ету ерлі-зайыптылардың бір-бірін жақсы түсінуіне, қызметтің қиындығын бірге сезінуіне мүмкіндік береді.

Кейде қызметтен оралғанша алаңдап күтетін жар, әкесінің жолына елеңдеп қарайтын бала бар. Ал шекарашының ойында – ел алдындағы міндет. Олжас үшін бұл екі жауапкершілік бір-біріне қайшы емес. Керісінше, отбасының қолдауы оның қызметіне деген жігерін арттыра түседі.

Олардың ұлы Мади үшін ата-анасының елге қызмет етуі – күнделікті көріп жүрген үлкен тәрбие мектебі. Әкесінің әскери киімі, анасының қызметі, Отан туралы әңгімелер – бала жүрегіне елге деген құрметтің дәнін себері анық.

Ефрейтор Олжас Тасыбек үшін шекараны күзету – әскери антқа адалдықтың көрінісі болса, шаңырағына қамқор болу – азаматтық әрі әкелік парыз.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

КІТАПХАНА

ОБЛЫСТЫҚ АБАЙ ОҚУЛАРЫ БАЙҚАУЫ



Ұлы ақын, ағартушы, ойшыл Абай Құнанбайұлының мол мұрасы – ұлттың рухани темірқазығы, ұрпаққа жол сілтер асыл қазына. Ақынның тағылымды ойларын жас буынның санасына сіңіріп, шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында 2026 жылғы 25 тамызда Жетісу облысының С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Абай ілімі – рухани қазына» атты облыстық Абай оқулары байқауы жоғары деңгейде өтті.

Руханият пен өнерді тоғыстырған тағылымды шараға Жетісу өңірінің әр аудан, қаласынан келген білімді де өнерлі жас өрендер қатысты. Жас талапкерлер Абай әлеміне терең бойлап, ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі адамгершілік, білім, еңбек, ар-ұят, елдік пен бірлік туралы ойтұжырымдарды көрермен жүрегіне жеткізе білді.

Байқау барысында қатысушылар Абай шығармаларын мәнерлеп оқып қана қоймай, ұлы ойшылдың мұрасын өзіндік таным-түсініктері арқылы зерделеп, шығармашылық қабілеттері мен сахналық шеберліктерін танытты. Әрбір жас ұрпақтың өнер көрсетуінен Абай сөзіне деген құрметі мен ұлттық руханиятқа деген сүйіспеншілігі айқын аңғаруға болады.

Облыстық деңгейде өткен байқауға «Талдықорған қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ-не қарасты 3-бөлімшедегі №7 кітапхана филиалының тұрақты оқырмандары да белсене қатысып, өз өнерлерімен көпшіліктің ықыласына бөленді. Атап айтқанда, С. Мұратбеков атындағы №9 мектептің 10-сынып оқушысы Жанбота Алмасқызы байқауда жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі III дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал №27 орта мектеп -гимназиясының 7-сынып оқушысы Рақымжан Мадияр белсенділігі мен өнерге деген ерекше қызығушылығы үшін Алғыс хатқа ие болды.

Жас өрендердің бұл жетістігі- олардың тынымсыз ізденісі мен талпынысының, өнерге деген құштарлығының жемісі. Сонымен қатар бұл – Абай мұрасын жүрекпен қабылдап, ұлы ақынның өнегелі сөздерін өмірлік ұстанымға айналдыруға деген ынтаның жарқын көрінісі.

Абай: «Адам болам десеңіз...» деп ұрпақты үнемі білімге, еңбекке, талап пен адамгершілікке үндеді. Бүгінгі жас ұрпақтың осындай тағылымды байқауларға қатысып, ақын мұрасын дәріптеуі – Абай арманының жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Осындай рухани мәні зор шаралар жас буынның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, әдебиет пен өнерге деген қызығушылығын арттырары сөзсіз. Абай ілімі-уақыт өткен сайын мәні тереңдей түсетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәңгілік рухани мұра. Сондықтан ұлы ақынның тағылымын дәріптеу- баршамызға ортақ парыз.

Күміс ЖҰМАДІЛҚЫЗЫ,
3-ші бөлімшедегі №7 кітапхана Филиалының кітапханашысы,
Талдықорған қаласы

ТАБИҒАТ

ОРМАН – ЕЛ ДӘУЛЕТІ, ЖЕР СӘУЛЕТІ

Адам денсаулығы көбіне қоршаған ортадағы экологиялық ақуалға байланысты. Ал оны жақсартатын жасыл желек екені даусыз. Тал-шыбықтың құнды қасиеттеріне орай, бір көрнекті ғұлама: «Тегінде бір нәрсеге бас ию керек болса, онда ағаштарға бас иіп, тәжім ету керек. Өз өміріне қажеттің бәрін адам осы ағаштан алады » деген екен.



Орман - мол өнімнің негізі, мол сулы өзендердің жәрдемшісі. Орман - жанжануарлар мекені, ол адамдардың жанын сергітерлік демалу орны. Ендеше өзіне теңдесі жоқ табиғат лабораториясының қызметін бұзбай, оның барынша жетіле түсуіне борыштармыз.

Орманды қорғау - орман қорын тиімді пайдалану, оны толықтыру, ерттен, зиянкестерден және аурулардан қорғау. Жыл сайын тұқымбақ шаруашылығын одан әрі дамыту, өсірілетін көшеттердің түрлерін көбейту, өнімділігін арттыру шаралары жүргізілуде.

Орманның ең қатерлі жауы - өрт. «Өрттілсіз жау» деп тегін айтылмаған. Өрттің шығу себептері көбінесе шөп қалдықтарын, қоқыстарды қадағалаусыз өртеген шаруа қожалықтарының жауапсыздықтарынан, демалушылар мен балық, аң аулаушылар мен малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртіне айналып жататынын жасыруға болмайды. Өрт қаупі туралы барлық малшыларға шаруа қожалықтарына ескертулер таратылуда.

